



BRICS - ӘЛЕМДЕГІ САЯСИ ТӘРТІПТІ ӨЗГЕРТПЕК

3



ЖАҢАЛЫҒЫ МОЛ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

5



ХАЙУАНАТТАР ДА ҚАЗАҚША ТҮСІНЕДІ

7



БЕЙІМДІ АДАМ БӘРІНЕ КЕРЕК

12

БАСТЫ МІНДЕТ – ЖАЙЛЫ ОРТА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесті

Қала басшысы алдымен ауданда атқарылған жұмыстар, тың жаңалықтар туралы қысқаша баяндап берді. Кездесуге келген тұрғындар өздерін толғандырған көкейдегі сауалдарын қойды. Наурызбай ауданының тұрғындары қала басшысының алдында жол, тұрғын үй, жарық, қоғамдық көлік, әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Алматы қаласының әкімі баяндамасында Наурызбай ауданында су құбыры желілерін салу кезеңдері туралы айтып берді. «Ақжар», «Шұғыла» және «Таусамалы» ықшамаудандарында жалпы ұзындығы 105,9 км су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы жүргізілуде.

«Ақжар» ықшамауданында жоспарланған 34,7 км-ден 28 км су құбыры және кәріз желілері салынды, жұмыстарды қазан айына дейін аяқтау жоспарлануда. «Шұғыла» ықшамауданы бойынша қыркүйек айының соңына дейін 28 км су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы аяқталады. «Таусамалы» ықшамауданы бойынша жоспарланған 43,2 шақырымнан 38,6 шақырым су құбыры және кәріз желілері салынды.

Оның айтуынша, аталған жобалардың аяқталуы Наурызбай ауданының 55 мыңға жуық тұрғынын сумен жабдықтау және су бұру қызметтерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



4

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №102 (6395) 26 тамыз, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ОРТА АЗИЯ + АҚШ:

НЬЮ-ЙОРК САММИТИ АЙМАҚҚА НЕ БЕРЕДІ?



2

Орта Азия елдерінің басшыларына Америка Құрама Штаттарының президенті Жо Байденнен шақырулар келіп түсіп жатыр. Қыркүйектің орта шенінде БҰҰ Бас ассамблеясының жиыны өтеді. Ақ үй басшысы осы орайда Орта Азия елдерінің басшыларымен 5+1 форматында бас қосқысы келеді. Кездесу өз кезегінде сырт тараптың да баса назар аударатын геосаяси іс-қимылдарының бірі болары даусыз. Себебі, осыған дейін де айтқанымыздай, Қазақстанды қамтыған аймақта сыртқы ойыншылардың бәсекесі қызу жүріп жатыр. Әне, сондықтан «Орта Азия – АҚШ» саммитінің маңызы қандай деген сауалға алдын ала тоқтала кетуге тура келеді.

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

26.08.2023

Түнде:

+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+31+33 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

27.08.2023

Түнде:

+20+22 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+28+30 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр, найзағай, бұршақ.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



САРАПТАМА

ОРТА АЗИЯ + АҚШ:

НЬЮ-ЙОРК САММИТИ
АЙМАҚҚА НЕ БЕРЕДІ?

(Басы 1-бетте)

ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕГІ
АЛҒАШҚЫ САММИТ

Орта Азия мен АҚШ ортасында 5+1 форматындағы диалогтар осыған дейін де болды. Бірақ көбінесе Сыртқы істер министрлері ортасында өтіп келген. Немесе АҚШ мемлекеттік хатшысы мен аймақ елдерінің басшылары кездесулер өткізген. Ал АҚШ-тың негізгі бәсекелестері аймақ елдерімен жоғары деңгейдегі диалогты дамытты. Бұл Құрама Штаттарында аймаққа жаңа көзқараспен әрі жаңа деңгеймен диалог құруға итермелегендей болды. Бұл жолы кездесу жоғары деңгейде, президенттер ортасында өткелі тұр. Сондықтан бұрынғы кездесулерге қарағанда көбірек назар аудартуы мүмкін. Саммит аймақтағы сыртқы ойыншылардың стратегиялық жүрістері жиілей түскен уақытта, әрі жаһандық геосаяси алаң аумалы-төкпелі кезде өтіп отыр. Мұның өзі кездесудің маңыздылығын айқындайтын бір қыры. Оған қоса, Ресейдің санкциядан жалтару жолына айналып бара жатқан Орта Азия елдеріне де санкция қаупі күшейіп келеді. Батыс санкцияларының қозғаушы моторы іспетті Құрама Штаттар мен аймақ елдері арасындағы диалог бұл тұрғыдан да ауадай қажет болып отыр.

АҚШ президентінің Орта Азия басшыларына шақыру жолдауы Вашингтонның кезекті саммитке қаншалықты мән беріп отырғанын да көрсететін бір белгі. Аймақ елдерінің президенттері де Байденнің шақыруынан бас тарта қоймасы анық. Себебі, қазіргі жаһандық күрделі геосаяси жағдайда ірі ойыншылармен қарым-қатынасты, аймақтың ішкі ортақ ұстанымын нақтылау біз үшін де маңызды. «Орта Азия – АҚШ» саммиті БҰҰ Бас ассамблеясының отырысы аясында өтетіндіктен, алты ел президенті Нью-Йоркте жолығады деп күтілуде.

АЙМАҚТАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІК

Көзіқарақты жұртқа белгілі, қазіргі кезде Қазақстанды қамтыған Орталық Азия аймағының геостратегиялық маңызы арта түсті. Себебі, біздің географиялық орналасудағы ерекшеліктеріміз ірі ойыншылардың назарын барынша аударуда. Үрдістің басты себебі, жаһандық геосаяси алаңның қыза түсуі, державалар арасындағы бәсекелестік қарым-қатынастың күшеюі екенін бұған дейін де айтып келеміз. Қазіргі кезде аймақпен диалогты дамытқысы келетін, әрі осы бағытта белсенділік танытып тұрған төрт негізгі күш бар. Олар – АҚШ, Ресей, Қытай және ЕО. Биыл осы төрт тарап кезек-кезек аймақ елдерімен диалог өткізді. Ресей болса аймақтағы дәстүрлі ықпалын сақтап қалуды қалайды. Ал Қытайдың түбірлі даму мүмкіндігіне саятын құрлық жолының (Жаңа Жібек жолының) ашылуында Орта Азия аса маңызды рөл ойнайды. Соған деген мүдделілігі аймаққа болған ықпалын алға жылжытуға итермелейді. АҚШ пен ЕО үшін аймақтың Ресей және Қытай сынды екі негізгі бәсекелестерімен шектесіп жатуы назар аудартады. Осы бір шығыс пен батысты, солтүстік пен оңтүстікті тұтастырушы аймақта қарсыластарының басымдығы алға шығып кетуін қаламайды. Міне, осындай түрлі мүдделердің бәсекесі аймаққа келіп тоғысқандықтан, төрт тарап

бірдей 5+1 форматында диалог үстеліне ынталы болып отыр. Егер үрдістің осы дамуы сақтала берсе, алдағы уақытта Ислам әлемі, Иран, Пәкістан және Үндістан сынды аймақтың ойыншылары да Орта Азиямен ұқсас форматта диалогқа шығуы бек мүмкін.

АЙМАҚТАҒЫ АҚШ МҮДДЕСІ

Сонау мұхиттың арғы бетінде жатқан Америка Құрама Штаттары Еуразия кіндігіндегі аймаққа қандай мүддемен диалог өткізгісі келеді. Мәселенің бірнеше қыры көзге ұрады. Оның ең негізгі біреуі – Ресей факторы. Көптеген сарапшылар Украинадағы жағдайдан кейін Мәскеудің Орта Азиядағы назары әлсіреді, бұл өзге ойыншылардың аймаққа ықпал қадамын орнықтыруға жол ашты деген пікірде. Бірақ мұның дұрыс жағы да, бұра тартқан тұсы да бар. Неге десеңіз, қазірдің өзінде біз аймақта Ресейдің дәстүрлі ықпалының бұрынғыдан тым әлсірей қоймағанын білеміз. Әрине, Украина мәселесінде Орта Азия елдері барынша бейтараптылық танытып келеді. Бірақ соның өзі Ресейдің аймаққа көңіл бөлуін күшейтеді. Қазірдің өзінде Орта Азиядағы бес елдің негізгі сауда серіктесі қатарында Ресейдің орны ауқымды. Осы елдердің экономикасында да басқалардан Ресейдің бәсі биік тұр. Рас, жағдай біртіндеп өзгеріп жатыр, бірақ бұл үрдіс ондаған жылдарға созылуы да мүмкін.

Вашингтонның Орта Азияға назар аударуының тағы бір себебі – Қытай. АҚШ Үнді-Тынық мұхитындағы стратегиялық жүрістерде табысқа жетті. Мұны көптеген сарапшылар мойындайды. Яғни Құрама Штаттар алып теңіз-мұхит аймағында Бейжіңнің барған сайын кеңейіп бара жатқан ықпалына, оның әскери, саяси хәм экономикалық ықпалына сәтті тосқауыл қойғандай болды. Бірақ іс онымен бітпегендей, керісінше ұзаққа созылатын қырғиқабақ бәсекелестік басталғандай болды. Теңіз-мұхит арқылы айнала қоршау Вашингтон үшін ырықтылық сыйлады. Алайда, Қытай басқа жаңа бағыттарға ұмтылды. Ұдайы дау-дамай мен әскери қақтығыстың ықтимал қаупінде тұратын Оңтүстік Қытай теңізінен айналып өту үшін Мьянма жерінде инфрақұрылымдарды көптеп инвестициялады. Алайда, әскери төңкеріс тағы да жолды жауып тастады, Мьянма үміті ақталмай қалды. Сонда да өз территориясының батыс оңтүстігі арқылы Пәкістанды басып мұхитқа сәтті шықты. Бұл жерден де түрлі кедергіге тап болды. Пәкістан өз ішінде саяси-әлеуметтік тұрақсыздыққа ұшырады. Одан солтүстікке қарай Ауғанстан жерінде бұрын экстремистік ұйым ретінде тіркелген «Талибан» билікке келді. Яғни Ауғанстан жеріне бас тігуге деген тәуекел қымбатқа түсуі, тіпті мүлде құрдымға кетуі мүмкін күйде қалды. Бұлармен салыстырғанда әлдеқайда тұрақты әрі қауіпсіз Орталық Азия Қытайдың әлемдік нарыққа шығатын тағы бір бағытын қамтамасыз ете алады. Аймақтағы державалар бәсекесінің күшеюіндегі бір себеп, міне, осы.

АҚШ өзінің ең жаңа қауіпсіздік стратегиясында негізгі қарсылас ретінде Қытай мен Ресейді атағаны мәлім. Президент Трамп тұсында Қытай Ресеймен қатар аталып, аталған стратегиялық құжаттарына енді. Демек, өзінің ірі қарсыластарының ықпал етуге ұмтылған аймақтарында өз позициясын қорғау Вашингтонның да ұзақ мерзімдік күн тәртібіне енгені даусыз. Сондықтан соңғы жылдары Вашингтон да Орта Азиядағы сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гума-

нитарлық барыс-келісін жандандыруға бейім екенін байқатуында.

САММИТТИҢ НЕГІЗГІ
ТАҚЫРЫБЫ ҚАНДАЙ?

Нью-Йоркте АҚШ президенті Байден қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен және тәжік елдерінің президенттерін жинап, алқалы кеңес ашқанда ондағы ортаға салынған сөз де тым жеңіл болмасы анық. Себебі, қазір Орта Азиядағы бес елмен АҚШ ортасында кеңесе отырып шешетін нақты проблемалардың да ұшы шығып тұр. Соның қатарында санкция мәселесі қолға алынары даусыз. Себебі, қазірдің өзінде АҚШ санкцияларында аты аталып жатқан орта-азиялық компаниялар бар. Әсіресе, Вашингтон Орта Азияда Қазақстан мен Қырғызстанды Ресейдің санкциядан жалтаруында үлкен көмекші болып тұр деген сынай танытады. Былайша айтқанда, Ресейге тікелей экспортқа тыйым салынған тауарлар Қазақстан мен Қырғызстан арқылы рэкспорт жасалып жатыр деген уәжі. Бұған осы екі елдің Ресейге бағытталған экспорты мен өзге елдерден келетін импортының артқанын сенімді дәлел ретінде көрсетеді. Расында да, әсіресе қырғыз елінің соңғы жылдағы Ресейге болған экспорт көлемі таңқаларлық деңгейде өсіп кетті. Бұған байланысты АҚШ тарапы Қырғызстанды айрықша атай отырып, Ресейдің санкциядан жалтаруында негізгі жолдың біріне айналғанын сынға алған. Жақында ғана Қырғызстан президенті Садыр Жапаров мұны теріске шығарып, шағын ғана Қырғызстан Ресей сынды үлкен мемлекеттің экономикасы үшін үлкен рөл ойнай алмайтынын алға тартты.

Саммитте санкциядан тыс Орта Азия елдері үшін қолайсыз тағы бір мәселе де талқылануы мүмкін. Ол Украинадағы соғыс тақырыбы. Не десек те, Мәскеудің ықпалы сақталып отырған аймақ елдері үшін сыртқы саясатта бұл тым нәзік тақырыптың бірі болып келеді. Аймақ елдері Мәскеу позициясын жақтамайды және Украина мәселесінде пікірлері негізінен бірдей. Бейтараптылықты ұстануды қалайды. Саммит барысында да аймақ елдері Ақ үй жетекшісіне қазіргі позицияларын сақтап қалуды таңдайтынын аңғартары сөзсіз.

Осыдан бөлек, қазір әлем елдеріне ортақ тақырып болып қалған климат өзгерісі, жасыл энергия тақырыптары да кездесудегі сөз тиегінің бірі болып тұрмақ. Тұрасына келгенде, аймақ елдерімен АҚШ-тың бұл бағытта ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндігі көп. Мәскеудің тұрақты саяси ықпалы мен Қытайдың барған сайын артып келе жатқан экономикалық қатысуларының қасында Құрама Штаттар аймақтағы өз мүддесін алға жылжыту үшін бос кеңістіктерді барынша игеруге күш салады. Бұл барыста АҚШ аймақтағы энергетика, әсіресе, жасыл энергия көздерін дамыту бағытында инвестициялық жобаларға дайын екенін аңғартып жатса, бұл қос тараптың келісіміне ие болар еді.

5+1 ДИАЛОГ ФОРМАТЫНЫҢ
БОЛАШАҒЫ

Орта Азия елдерімен көпжақты ортақ диалог орнатуда сыртқы күштер қолданып келе жатқан бұл форматты ең алғаш Жапония ортаға қойған. Кейіннен АҚШ, Қытай және өзге тараптар да осы форматты өздеріне лайықтап пайдаланып келеді. Қазірге дейін АҚШ пен Орта Азия ортасындағы аталған форматтағы кездесулер, өзара диалог көбінесе жалпылама мазмұнда, тек тараптар ортасындағы қарым-қатынасты сақтап тұру, ілгерілетуге жол ашу негізінде болды. Бұл ретте АҚШ президентінің тікелей өзі саммитке шақырып, диалогты жоғары деңгейге көтеруі біршама шынайы сипат беріп тұрғандай. Дегенмен, бұл осы форматтағы диалог кедергісіз дамиды деген сөз емес. Аймақта сыртқы ойыншылардың белсенділігінің бір уақытта артуы аймақ елдері үшін де сыртқы ойыншылар ортасында да жаңа сын-қатерлерді күшейтуі мүмкін. Төрт тарапты бірдей ұмтылыс аймақ елдеріне бір қырынан жағымды болғанымен, қазіргідей күрделі геосаяси жағдайда мұның да өзіндік қаупі бар. Айталық, ірі күштер арасындағы теңгерімді сақтауда үлкен қиыншылықтар тууы мүмкін.

Сол үшін де аймақ елдерінің жалғыз ғана таңдауы ішкі интеграцияны дамыту, достық, бауырластық қарым-қатынас негізінде аймақтың ортақ позициясын бекемдеу сынды жолы тұр. Мұншама ауқымды әрі белсенді жүрістер арасында аймақ елдерінің ауызбіршілігі мен ойдың ортақтығы аса маңызды. Әсіресе, ішкі мәселелерді реттеуді барынша өз қолдарына алуы маңызды бола түседі. Сыртқы ойыншылар таңдау жасауға итермелейтін кездерінде аймақтың ішкі проблемалары тізгінін пайдалануы бек мүмкін. Тағы бір қырынан қарағанда, үрдістің өз табиғаты аймақ елдеріне табиғи түрде интеграцияны дамытуға шабыттандыратындай. Қалай деген күнде де, аймақтағы бауырлас әрі тарихы ортақ осы елдер күрделі дәуірдің сын-қатерін ортақ еңсеруге, бір-бірін дұрыс жағынан түсінуге күш салуы керек.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

BRICS – әлемдегі саяси тәртіпті өзгертпек



22–24 тамыз аралығында Оңтүстік Африка Республикасының Йоханнесбург қаласында BRICS ұйымының 15-саммиті өтті. Саммит нәтижесінде ұйымға мүше мемлекеттер саны артатыны белгілі болды. Демек, әлемдік саяси тәртіп өзгеруі мүмкін. Мұны ескерсек, еліміздің ұйыммен байланысына қатысты сурақтар туындайды. Себебі, саммитте Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің мүше болуға ниетті екенін мәлімдеді.

Батыс елдері үстемдігіне сын

Осы аптада әлемге әйгілі сарапшы Фрэнсис Фукуяма Алматыға келді. Ол соңғы шыққан «Либерализм және оның сыншылары» атты кітабының тұсауын кесті. Кенет бәрі әлеуметтік желі мен бұқаралық ақпарат құралдарында философ жайлы жаза кетті. Бұл кісі туралы бекер еске алмадық. Себебі, 1989 жылы жарық көрген «Тарихтың соңы» атты мақаласы әлемнің ғылыми және саяси қауымдастығын дүр сілкіндірді. Философ АҚШ жеңіске жетіп бірполярлы әлемдік тәртіп орнайды деп жар салды. Бірполярлы әлемдік тәртіп дегені АҚШ-тың жалғыз держава ретінде халықаралық саясатты айқындайтын жүйе. Оның болжамы тура келді де. Алайда, уақытша. Болжамы 10–15 жыл, әрі кетсе 20 жылға орындалды. АҚШ пен батыс өркениетінің үстемдігі Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін орнады.

Десе де, бұл үстемдік ұзаққа созылмады. Фрэнсис Фукуяма кітаптың тұсауын кесу шарасында сырт көзге қуатты болып көрінген мемлекет шын мәнінде іштей әлсіз деген ой тастады. Әрине, ол кісі бұл сөздерді Ресей мен Қытайға қарап айтқан. Алайда, оның ойы АҚШ-қа да қатысты сөз. Себебі, 2008–2009 жылдардағы бүкіләлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс Вашингтонның үстемдігіне әсер етпей қоймады. Бастапқыда ұйымды құруға Ресей, Қытай, Үндістан мен Бразилия ниет білдірді. Ол қаржы-экономикалық дағдарысына дейін, 2006 жыл еді. Кейін экономикалық ұйым ретінде BRICS 2009 жылы құрылды. Бұған дағдарыс түрткі болды. Ал Оңтүстік Африка Республикасы 2011 жылы мүше атанды. Жер шарының әртүрлі құрлығын біріктірген ұйым АҚШ бастаған G7 бірлестігіне қарама-қарсы күш ретінде құрылды. Алайда, осыншама 15 жылдай уақыт өтсе де, біртұтас экономикалық, әрі саяси одаққа айнала алмай келеді. Десе де, биыл өткен 15-саммит әлемдік саяси тәртіпті өзгертпек.

BRICS ұлғаяды

Фукуямадан гөрі Самуэль Хантингтонның болжамы дұрыс келген сынайлы. Ол «Өркениеттер қақтығысы» атты еңбегінде ендігі әлемдік қақтығыстар мәдениеттер арасында болады деп жазып еді. Шынында да, BRICS-қа мүше елдердің артуы болжамды өміршең етіп отыр.

Саммитте қабылданған декларацияға сай, келесі жылдан бастап Аргентина, Мысыр, Эфиопия, Иран, Сауд Арабиясы мен Біріккен Араб Әмірлігі мүше болмақ. Өткен жылғы Қытайда өткен 14-саммитте ұйымға жаңа мүшелерді қабылдаймыз деген тоқтамға келіп еді. Алайда, мұндай ойды барлық мемлекеттер қолдаған жоқ. Үндістан мен Бразилия бұған қарсы шыққан. Дегенмен, биыл шешім қабылданды. Ендеше, келесі жылдан бастап BRICS 11 мүшеден құралады. Аргентина мен Бразилия Латын Америкасынан, ал Эфиопия мен Оңтүстік Африка Республикасы Африка құрлығынан. Араб әлемінен Мысыр, Иран, Сауд Арабиясы мен БАЭ болса, Ресей, Қытай мен Үндістан – өз алдына бір төбе мемлекеттер.

BRICS vs G7

Батыс өркениетін қуатты етіп отырған БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі, G7 мен G20 халықаралық клубтары. Ресей мен Қытай БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшелері ретінде АҚШ, Франция мен Ұлыбритания бірлестігіне бәсекелес. Әлемдік саясаттың қайда баратынын осы 5 мемлекет айқындайды. Алайда, бұл саммитте Бразилия, Үндістан мен Оңтүстік Африка Республикасын Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде ұсынуға ниет білдірді. Демек, мұнда Ресей мен Қытай өздерінің ықпалын күшейтуді мақсат етіп отыр. Алайда, бұл жоспар іске аспайтын сынайлы.

Себебі, Қауіпсіздік кеңесін екінші дүниежүзілік соғыста жеңген және атомдық қаруды иеленуге құқылы мемлекеттер

құрайды. Үндістанда атомдық қару болғанымен өзге екі мемлекетте жоқ.

G7 өз құрамына АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Канада, Германия, Италия, Жапония сияқты дамыған елдерді біріктірген. 1997 жылы клубқа Ресей енгенімен, батыспен текетірес саясатынан кейін шығып қалды. Бұл клуб толық батыс өркениетінікі. Ал G20 клубының құрылуына 1990 жылдардағы Азиядағы, одан кейін 2008–2009 жылғы әлемдік қаржылық дағдарыс түрткі болды. BRICS-тің ұлғаюы G20 ішінде қайшылық тудыруы мүмкін. Клубқа BRICS-тің бес мүшесінен басқа, келесі жылдан қосылатын Аргентина, Сауд Арабия сияқты мемлекеттер де мүше. Соған қарағанда, BRICS бұл клубтағы ықпалын күшейтуге тырысып жатқан сыңайлы. Себебі, қазір олар әлсіздеу. Шешімге келгенде олардың дауысы ескерілмей қалады. Келесі жылдан бастап 20 мүшенің 7-еуі BRICS мүшесі болмақ. Соңғы жылдары Түркия мен Индонезия да мүше болады деген ақпарат жиі айтылуда. Олар мүше болғанын өзінде де басымдық BRICS тарапында емес.

Иранның жағдайы басқа. Оның басты қарсыласы – АҚШ. Сол үшін де ШЫҰ мен BRICS-қа мүше болды. Жасырын болса да, Ресей мен Қытайдың қарсыласы да осы мемлекет. Соңғы 15 жылда Мәскеу мен Бейжің Бреттон-Вуд жүйесі мен Бүкіләлемдік сауда ұйымына сын айтып келеді. Әсіресе, Бейжің бұған мүдделі. Себебі, Бреттон-Вуд жүйесін әлемде АҚШ долларының саяси ықпалының қалыптасуына әсер етті. 1717–1944 жылдары әлемде «Алтын стандарт» ақша жүйесі болған. Ол бойынша ақша мен тауар бағасы алтынмен есептелетін. Одан кейін америкалықтар Бреттон-Вуд жүйесін енгізіп, әлемді долларға бағынышты етіп қойды. Сол кезден бастап кез келген тауар мен валюта долларға қарап есептелді. Алайда, 1976 жылдан бастап оның орнына Ямайка валюта жүйесі енгізілді. Сол кезден бастап тауар мен валюта бағамын нарық айқындайтын болды. Ресей мен Қытай осы жүйені өзгертпекші. Себебі, Бүкіләлемдік сауда ұйымында қаралатын мемлекеттер арасындағы сауда даулары дәл осы нарықтық экономика қағидасымен реттеледі. G7 мемлекеттерінің экономикасы дамығандықтан, валютасы рубль мен юаньға қарағанда құнды, әрі олардың тауарлары сапалы және экспорт нарығы үлкен. Бұл олардың ойынша дамушы мемлекеттерге кедергі. Осы саммитте осы мәселелер де көтеріліп, бірауыздан қолдау тапты.

Оған қоса, биыл қыркүйекте Үндістан G20 жиналады. Шараны ұйымдастырушы Үндістан – биыл клубқа төраға. Бір қызығы, алдағы кездесуде Бреттон-Вуд қаржы жүйесі мен Бүкіләлемдік сауда ұйымының ережелеріне өзгеріс енгізу туралы ұсыныс енгізуді Үндістан жоспарлап отыр.

Көпвекторлы саясат қажет

Біздің сыртқы саясатымыз – көпвекторлы. Ал BRICS-ке мүше болуымыз арқылы Батыс пен өзге өркениеттер текетіресіне еріксіз араласуымызға тура келуі мүмкін. Қанша экономикалық ұйым болғанымен жоғарыдағы мақсаттары әлемдегі саяси тәртіпті өзгертергі сөзсіз. Тәуекелі көп екінші ЕАЭО болмай ма деген де қауіп бар. Екінші жағынан, біз де дамушы мемлекетпіз. BRICS-қа мүше мемлекеттер көріп отырған экономикалық қиындықтар біздің де басымызға келуі мүмкін. Сондықтан көп соңында қалмау да керек. Бізге не болса да көпвекторлы саясаттан таймай, экономикалық мүддені бірінші орынға қойған абзал. Мұны Қасым-Жомарт Тоқаевтың саммитте сөйлеген сөзінен де байқауға болады. Біздің басты ұсыныстарымыз – сауда-экономика. Президент «Солтүстік-Шығыс» және «Шығыс-Батыс» көлік дәліздеріне қатысты экономикалық, сауда, көлік және инвестициялық жобаларды бірлесе жүзеге асыруға шақырды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚАРЖЫ

Хедж-қор – инвесторлардың ақшасын біріктіретін және ең аз тәуекелмен максималды табыс алуға бағытталған арнайы инвестициялық қор. Ағылшын тілінен аударғанда, хедж сөзі «қоршау», «сақтандыру», «кепілдік» деген мағына білдіреді.

ХЭДЖ қор ИНДУСТРИЯСЫ ҚАШАН ПАЙДА БОЛАДЫ?

Хеджирлеу – бұл кез келген әрекетті кері сақтандыру. Саудалары қысқа позицияға ашылады. Мысалы, хедж қор бір акция сатып алатын болса, соның құны түсіп кетуінен келуі ықтимал шығындарды бірден сақтандыра бастайды. Классикалық инвестициялық қорлар акцияларды ұзақ мерзімге сақтап, соның өсуінен пайда алса, хедж фонд қысқа мерзімді әрекеттен пайда көреді. Көптеген биржа тарихшылары әлемдегі алғашқы хедж қордың құрылуын Альфред Уинслоу Джонспен байланыстырады. 1949 жылы ол A.B.Jones & Co қорын құрған. 48 жасқа дейін Джонс әлеуметтанушы және журналист ретінде Fortune журналына жазып тұрған. 48 жасқа толғаннан кейін журналистикадан кетіп, инвестицияға ауысамын деп шешкен екен.

Ал хедж қор ұғымын Fortune журналында жұмыс істеген, сонымен қатар Уоррен Баффеттің акционерлерге жазған хаттарын ұзақ жылдар бойы өңдеп келген Кэрол Лумис енгізген деп есептеледі. 1966 жылы ол кезекті мақаласында A.B.Jones & Co бизнесін, оның стратегиясын сипаттау үшін «хедж» сөзін қолданған. 1960–1965 жылдар аралығында Альфред Джонстың қоры 325% кіріс көрсеткен. Бұл сол кездің керемет көрсеткіші еді. Қазір әлемдік қор нарықтарында хедж қорлар миллиардерлер мен институционалдық инвесторлардың негізгі құралы болып есептеледі. Қор өз клиенттерін айтарлықтай байыта алады. Инвестициялық қорлардан айырмашылығы, хедж қорлар әртүрлі инвестициялық әдістерді, соның ішінде леввереджді, қысқа мерзімді сатуды және басқа стандартты емес құралдарды ікемді қолданады. Freedom broker ақпараты бойынша, 2023 жылы хедж қорлар басқарып отырған активтер көлемі 5 триллион долларға дейін өскен. Басқарудағы активтер AUM қысқартуымен белгіленеді.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ІРІ ХЕДЖ ҚОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ ҚАНДАЙ?

• **Bridgewater Associates – AUM: \$124 млрд.**

1975 жылы Рэй Далио негізін қалаған ең ірі хедж қор. Компания әлемдік экономикалық үрдістерді талдап отырады. Инвестициялық шешімдерде макроэкономикалық бағытқа сүйенеді. Кез келген құбылмалы заманда да инвесторларына кіріс әкеліп отырады.

• **Renaissance Technologies LLC – AUM: \$106 млрд.**

1982 жылы Джеймс Саймонс негізін қалаған компания цифрлы инвестиция саласындағы пионер болып табылады. Оның қорлары бірнеше актив кластары бойынша сауда мүмкіндіктерін анықтау үшін күрделі алгоритмдер мен статистикалық модельдерді пайдаланады.

• **AQR Capital Management – AUM: \$94 млрд.**

Цифрлы және жүйелі стратегияларымен танымал жаһандық инвестициялық компания. 1998 жылдан бері ол кірістілікке әсер ететін ауытқулар мен факторларды анықтау үшін әртүрлі активтерге инновациялық тәсілдер жасау үшін деректерді талдау мен зерттеулерді қолданады.

• **Two Sigma Investments – AUM: \$70 млрд.**

2001 жылы Джон Овердек пен Дэвид Сингель құрған технологиялық хедж қор. Two Sigma Investments негізінен деректерге негізделген цифрлы стратегияларға және машиналық оқыту алгоритмдеріне сүйенеді. Қор нарықта басымдылыққа ие болу үшін спутниктік суреттер және әлеуметтік медиа көніл күйі сияқты баламалы деректер көздерін де белсенді түрде зерттейді.

• **Citadel LLC – AUM: \$62 млрд.**

1990 жылы Кеннет Гриффин негізін қалаған әртарап-тандырылған инвестициялық компания. Ол да цифрлы және фундаменталды стратегияларға маманданған. Фирма биржалық саудамен, опциондармен және әртүрлі нарықтық операциялармен айналысады.

• **D.E. Shaw & Co. – AUM: 60 миллиард доллар.**

1988 жылы Дэвид Э.Шоу негізін қалаған. Бұл қор математикалық модельдер мен адами талдауды біріктіретін инновациялық тәсілімен танымал. Фирманың зерттеуге негізделген стратегиялары тәуекелді тиімді басқара отырып, тұрақты табысқа жетуге бағытталған.

Мамандардың айтуынша, Қазақстанда әлі күнге дейін классикалық хедж қор жоқ. Себебі, біздің қор нарығы дамудың алғашқы сатысында келеді және хедж қорлар пайда болатындай үлкен көлемге шыға алмай отыр. Ол үшін биржа ірі болуы керек. Қазақстанда қор нарығы 30 жыл бұрын пайда болды. 1993 жылы 15 қарашада теңге ресми айналымға енді де, екі күннен кейін Қазақстанның банкаралық валюта биржасы құрылды. 1996 жылы ол биржа «Қазақстан қор биржасы» (KASE) деп атауын өзгертті. Бүгін елімізде үш биржа алаңы бар. Бірақ ең ірісі және институционалды болып есептелетіні осы KASE. Соңғы тренд бойынша инвесторлардың көбісі капиталы көп ірі нарықтарға бет бұра бастады. Осының кесірінен шағын капиталды шекаралық нарықтарға қызығушылық төмендеп қалғаны рас. Бірақ біздің қор нарығының Орталық Азия мен Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің жетекші биржасына айналу мүмкіндігі бар. Сол кезде хедж қорлар индустриясы дамып, бізде жаңа инвесторлар типі қалыптасады деп үміттенемін.

Айбар ОЛЖАЕВ,
экономист сарапшы.





ӘКІМ

БАСТЫ МІНДЕТ – ЖАЙЛЫ ОРТА

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесті

(Басы 1-бетте)

44 көше қазан айының соңына дейін сыртқы жарықпен қамтылады

«Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Наурызбай ауданының 54 көшесінде сыртқы жарықтандыру құрылысы жүргізілуде. Бүгінгі таңда «Тастыбұлақ» және «Таужолы» ықшамауданында 10 көше жарықтандырылған. Қалған 44 көше бойынша жұмыстар қазан айына дейін аяқталады», – деді қала басшысы.

Ерболат Досаев тұрғындарға электр желілерін жаңғырту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Биыл «Шұғыла», «Ақжар», «Таусамалы», «Құрамыс», «Рахат», «Қарағайлы» және «Қалқаман» ықшамаудандарында 65 шақырым электр желілері мен 39 трансформаторлық қосалқы станция ауыстырылып, жөнделді. Бұл шаралар тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге және апатты ажыратулар мәселесін шешуге бағытталған.

Жыл соңына дейін 130 көше жөнделеді

«Наурызбай ауданының барлық шағынаудандарында жолдарды ағымдағы жөндеу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Бүгінгі таңда 70 көшеде 30 мың м² жол жөнделді. Жыл соңына дейін 130 көшені қамтитын тағы 25 мың м² жолды жөндеу жоспарлануда», – деді әкім.

Сонымен қатар, қалалық Мобильділік басқармасы шілде айында «Ақжар» және «Шұғыла» ықшамауданындағы 10 көше бойынша 6,5 шақырым жол салуды бастады. 10 көшеде 6,9 км жолға орташа жөндеу жүргізілді. Ағымдағы жылдың қараша айының соңына дейін ұзындығы 7 км болатын тағы 6 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Еске салсақ, биыл Алматыда ұзындығы 200 км болатын 230 көшені орташа жөндеумен қамту жоспарлануда, оның ішінде 73 км Наурызбай және Алатау аудандарында орналасқан. 215 көше аудандық маңызы бар көшелер болып табылады. «Алғабас», «Текрәкті», «Томирис», «Қарасу», «Ақбұлақ», «Зерделі», «Шапағат», «Шұғыла», «Таусамалы», «Қалқаман», «Рахат», «Жас қанат» ықшамаудандарына ерекше көңіл бөлінді.

900 бейнекамера орнатылады

Видеомониторинг жүйесін кеңейту жоба-



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

сы бойынша Наурызбай ауданында азаматтар көп жиналатын жерлерде жыл соңына дейін 900 жаңа видеокамера орнату жоспарлануда. Бұл туралы Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесуде қала әкімі Ерболат Досаев айтты.

Оның ішінде аулаларда – 565, қиылыстарда – 295, саябақтар мен скверлерде – 40 камера. Қала әкімі атап өткендей, бұл қала тұрғындарының қауіпсіздігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Жаңа автобустармен толықты

«Алматы әкімдігі қоғамдық көлік сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлуде. Наурызбай ауданының тұрғындары үшін 3 бағытта жылжымалы состав жаңартылып, күшейтілді», – деп хабарлады әкім Ерболат Досаев.

Мәселен, №15, 47, 119 бағыттарда автобустар саны 52-ден 57-ге дейін өсті.

«Сондай-ақ, желтоқсанға дейін Наурызбай ауданына қызмет көрсететін №50 – 10-нан 20-ға дейін, №118 – 23-тен 25-ке дейін, №212-14-тен 22-ге дейін 3-бағыты күшейтіліп, жаңарады», – деді қала әкімі.

Еске салсақ, биыл Алматыда коммуналдық автопарк 600 газ автобусы мен 100 троллейбус сатып алды. 100 автобус қалаға келді және құжаттар ресімделгендіктен желіге шығады. Жаңа жылжымалы бірліктер келіп түскен сайын неғұрлым талап етілетін бағыттар жаңартылып, күшейтілетін болады.

8 мың орынды 5 жаңа мектеп салынады

«Оқушы орындарының тапшылығын

азайту мақсатында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 7900 орынды 5 жаңа мектепті жобалау және салу жұмыстары жүргізілуде», – деді әкім.

2024 жылдың I тоқсанында Алматының Наурызбай ауданында «Әлем сити» ТК аумағында 1200 орынды мектеп пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, конкурстық рәсімдерді өткізгеннен кейін қазан айында «Шұғыла» ш/а №174 мектепке 375 оқушыға арналған қосымша құрылыс басталады.

Оқушыларды қосымша біліммен қамту үшін де шаралар қабылдануда. 2023 жылдың маусым айында Алматының Наурызбай ауданында аптасына 5000 келушіге арналған көпсалалы инновациялық шығармашылық орталық ашылды. Бұл орталық 600 баланы қосымша біліммен қамтуға көмектеседі. Орталықта бүгінде ғылыми-технологиялық және шығармашылық-эстетикалық бағыттар бойынша 13 үйірме жұмыс істейді.

«Мектеп автобусы» жобасы аясында Наурызбай ауданындағы ең мұқтаж екі мектепке – №186 және №200 мектептерге 2000 оқушыны тасымалдаумен қамтуға мүмкіндік беретін 5 автобус бөлінеді. Автобустар 1 қыркүйекке дейін жеткізіледі деп күтілуде.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамтуға арнайы квота бөледі

Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесу кезінде қала әкімі Ерболат Досаев тұрғындар сұрағына орай, мүмкіндігі шектеулі жандардың мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына мүмкіндік беретін арнайы квота бөлетінін жеткізді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

**22 мыңнан** астам тұрғын орталықтандырылған суға қол жеткізетін болады**2024 жылдың I тоқсанында жайлы мектептің талаптарына сәйкес «Әлем Сити» тұрғын үй кешенінің аумағында 1200 орынды мектеп пайдалануға беріледі****Жыл басынан бері 475 орынды 9 жекеменшік балабақша ашылды. Жыл соңына дейін 50 орынды тағы 1 балабақша ашу жоспарлануда****500 адам келетін 2 жаңа емхана және 1 дәрігерлік амбулатория салу жоспарлануда****«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыруға барлығы 2,7 млрд теңге бөлінді**Әзірлегендер Айнабай МӘДИ,
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

СҰРАҚ-ЖАУАП

ӨТІНІШТЕРГЕ ТҮГЕЛ ЖАУАП БЕРІЛДІ

Қала әкімінің жұртшылықпен кездесуі жанды форматта өтті. Сан түрлі сәланы өзек еткен аудан тұрғындары жиында белсенділік танытты.

– Мен зағип жанмын. Медколледжді бітірдік. Диплом, арнайы сертификат алдық. Мамандығымыз – массажист. Жұмысқа алмайды... Өтініш, осыны өз назарыңызға алсаңыз!

Қала әкімі:

– Осыдан бұрын жеке колледждер біз бөлген грантпен балаларды оқуға да алмаған болатын. Бұл мәселе бойынша маған хаттар да келіп түскен. Онда былай істейік, мен Денсаулық сақтау басқармасына тапсырма берейін әрі арнайы квота да бөлейін. Әр емхананың ішінде өзінің квотасы болады. Биыл және бұрын бітірген мамандардың құжаты бір апта ішінде жинастырылсын. Олардың бағасы, сертификаты дұрыс болса, бір ай ішінде денсаулық сақтау мекемелеріндегі бос орындарға орналастыру қарастырылсын. Жыл сайын бітірген мамандар санына қарай квота бөлінетін болады.

– Сауалым газбен жүретін автобустарға, электробустарға қатысты. Экологиялық мәселе бәрімізді толғандырады. Қаламызға қашан көп электробус аласыздар?

Қала әкімі:

– Өкінішке қарай, қалада дизельді автобустар бар. Біз қоғамдық көлікті экологияландыру бағдарламасын 2025 жылдың соңына дейін аяқтаймыз деп үміттенеміз. Өзірге қаладағы дизельді автобустар пайдаланылады, бірақ стандарттарға сай келмесе, біз есептен шығарамыз. Өкінішке қарай, қаладағы қоғамдық көліктің, жылжымалы құрамның (состав) жалпы жағдайы жақсы емес. Биыл біз жергілікті бюджет есебінен 600 автобус сатып аламыз. Биыл 21 электробус алдырамыз Сондай-ақ, жеке тасымалдаушылардан 700-ге жуық автобус сатып алуды сұрадым.

Ағымдағы жылы сатып алынатын дизельді автобустардың бір бөлігі еуропалық-5 стандартына сәйкес келеді. Біз сапасының төмендігіне байланысты қызмет көрсетушілердің бірімен қарым-қатынасты үздік, әзірге жүктеме «Алматыэлектротранс» қалалық кәсіпорнына түсті. Жаңа автобустар жеткізілген сайын жылжымалы құрамды жаңарту жоспарлануда. Өкінішке қарай, бұл – тек Наурызбай ауданы емес, жалпы қаланың проблемасы. Президент міндет қойды: 2025 жылдың соңына дейін экологияландыруды іске асырамыз.

– Ілтипат көшесінің тұрғынымын. Маңайымдағы тұрғындардың маған жүктеген сауалдарын қойғалы тұрмын. Сауалымыз біз жақтағы Қарғалы өзені маңындағы толған қоқысқа қатысты. Бұл өзі он-он бес жылдан бері қордаланған қоқыс. Қоқыс тастаушылардың Шалаяпин көшесімен келетін кезі көп. Маңымызда салынғалы жатқан құрылыс бар. Әлі күнге сол құрылыстың техпаспорты жоқ. «Жолды жабамыз» дегені тағы бар. Төңірегімізде интернет қолжетімсіз. Осы жағы реттелсе дейміз.

Қала әкімі:

– Сауалыңыз орынды. Былай болсын, тиісті сала басшылары жеке компанияның қандай құрылыс, нендей жобамен айналысып жатқаны жөнінде тұрғындарды хабарлар етсін. Құрылыс паспорты ілінуін қадағалау қажет. Өлетте паспортта өкілетті адамның байланыс телефоны жазылып тұратыны бар. Қалалық сәулет, Қала құрылысы басқармасы әлгі құрылыс мекемесі паспортын ілгенше, олардың шұңқыр (котлован) қазуын тоқтаттырысын. Ел-жұрт паспортты оқып, не салынып жатқанын білсін. Интернетке қатысты шаруаны дереу реттеу керек. Оқу жылы басталғалы жатыр, тұрғындардың балалары барын ескеріндер. Бұл мәселеге шұғыл кірісіндер, Ілтипат көшесіндегілерге ілтипат білдіріп, көңіл бөліндер.

– «Алма-Сити»-де тұрамыз. Үйді «Казхастрой» салған. Ішкі қабырғаларға сызат түсті. Кіреберістің әйнек есігі сынып, балаларымыз қорқып қалды. Балаларға ойын алаңы қажет. Бесінші қабаттағы ашық люкке үрке қараймыз. ПИК «Казхастройға» сілтейді. Үй салған компания кемшілікті түзеп берсе дейміз.

Қала әкімі:

– Мәселе онайлықпен шешілмейді. Әкімге тапсырма бергенмін. Үйдің сыртқы алаңы, т.б. қаралды. Кіреберіске бара алмады, ол жағы түсінікті. Үйді салған мекеме басқармасымен сөйлесулеріңізге болады. Айта кетерлігі, үй құрылысында кеткен кемшіліктер көрсетіліп (құжат жүзінде) қалалық Сәулет-құрылыс басқармасына арыздануға болады. Үй құрылысында кеткен кемшіліктің дұрыс-бұрыстығы сол кезде қаралатын болады.

ТҮЙІН: Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың ешқайсысын жауапсыз қалдырмады. Аудан тұрғындарының мазалаған мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді.



ЖИЫН

ЖАҢАЛЫҒЫ МОЛ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Жаңа оқу жылы қарсаңында өтетін дәстүрлі Тамыз кеңесі биыл Республика сарайында өтті. Айтулы шара «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атты тақырыппен өтіп, оның жұмысына 2900 білім саласының қызметкері қатысты. Жаңалығы мол басқосу педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға, білім беру саласындағы озық тәжірибе мен жаңа технологиялармен алмасуға бағытталып отыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Форумның пленарлық отырысына Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, ҚР Білім министрлігі Балалар құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанова, Қазақстан профилактикалық медицина академиясы және Ұлттық салауатты тамақтану орталығының президенті Алмаз Шарман, «Санкт-Петербург ерте араласу институты» қосымша кәсіптік білім берудің дербес коммерциялық емес ұйымының директоры Ган Чин Хуат (Singapur к.), Sing ing-Ed Global Schoolhouse Pre LTD атқарушы вице-президенті, білім беру саласындағы басқа да қазақстандық және шетелдік сарапшылар қатысты.

Биылғы Тамыздың тағы ерекшелігі Елордадан тікелей телекөпір форматында өтіп, оның жұмысына Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Тамара Дүйсенова, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қатысты.

— Дәстүрлі Тамыз кеңесі қазіргі білім берудің жаңа бағытына соны серпін береді. Бұл — ең жақсы шешімдер жолында жинақталған білім және озық тәжірибемен алмасуға арналған алаң. Бүгін баланың физикалық және психологиялық денсаулығын қолдауға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған жобалар ұсынылды. Ис-шара жаңа оқу жылы қарсаңында даму мәселелері мен перспективаларды анықтауға көмектеседі», — деді Алматы қаласы білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева.

Жиын барысында заманауи білім берудің өзекті мәселелері талқыланды. Пленарлық отырыста білім беру саласындағы жетекші мамандар, ғалымдар мен педагогтар сөз сөйледі. Олар өз тәжірибесімен, білімімен бөлісті, күнделікті жұмыста кездесетін



жетістік пен қиындықтар туралы кеңінен әңгімеледі. Шеберлік сыныптары мен басқа да экскурсиялар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, секцияларда еліміздегі балалардың өмірін жақсарту мәселесі мен перспективалары, балалық шақ кезіндегі мемлекеттік кепілдік пен оларды іске асыру талқыланды. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің пленарлық отырысы білім беру мен педагогтардың біліктілігін арттырудың маңызды мәселелерін талқылау үшін өзекті алаңға айналды.

ҚР Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы №21 өкімімен бекітілген Балалардың әл-ауқатының индексі — бұл еліміздегі балалардың өмір сүру сапасын бағалаудың жаңа құралы. Индекс балалардың өмір сүру деңгейін,

денсаулығын, білімін, даму мүмкіндіктерін, қауіпсіздігін және басқа жағдайларды бағалауға мүмкіндік береді. Сарапшылардың баяндамаларында осы индексті пайдаланудың алғашқы нәтижелері ұсынылады, өмірдің түрлі кезеңдерінде балалардың әл-ауқатының анықталған мәселелері көрсетіледі, оларды жақсарту үшін шешімдер ұсынылады.

Кеңес соңында балалардың әл-ауқатының индексіне, білім беру мекемелерінде тамақтануды ұйымдастыруға байланысты мәселе мен қорытынды шығарылды. Сонымен қатар, оларды шешудің жаңа шараларын әзірлеу мен қабылдау үшін нақты ұсыныстар айтылды. Биылғы Тамыз кеңесі сапалы білім мәселесі ғана емес, ең бастысы, жас ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударуға шақырды.

ОҚУ ЖЫЛЫ
«ОРНЫНДА» ҚАЛДЫ

Қоғамда өткен жылғы оқу мерзімін қалдыру мәселесі ұзақ талқыланып, ақыры соңғы нүкте қойылды. Енді оқу жылы 25 мамырда аяқталатын болды. Бұл жөнінде республикалық Тамыз кеңесінде Премьер-министрдің орынбасары, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова баяндады.

— Оқу жылын 31 мамырға дейін ұзарту дұрыс болғанымен, асығыс шешім болды. Әрине, әлемдік тәжірибеде бар мұндай жаңашылдықты енгізу әрқашан тыңғылықты дайындықты қажет етеді. Осыған байланысты ортақ шешім қабылдап, оқу жылының 34 апталық оқу мерзіміне оралатын боламыз, — деді ол.

КЕЗДЕСУ

КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР КҮН
ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Мәжілісмендер Алматыға жұмыс сапарымен келді

ҚР Парламенті Мәжілісіндегі АМАНАТ партиясы фракциясының депутаттары Алматыға АМАНАТ партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасын іске асыру барысымен және еліміздің ірі мегаполисінің әлеуметтік-экономикалық дамуымен таныстыру мақсатында келді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сапар бағдарламасының бірінші тармағы лудомания мәселесін талқылау үшін үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен және жастармен кездесу болды. Талқылауға Мәжілістегі АМАНАТ партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев, Мәжіліс депутаттары Бакытжан Базарбек пен Ермұрат Бапи, партияның Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров, сарапшылар мен жастар өкілдері қатысты. Құмар ойындарға патологиялық бейімділік қазақстандықтар үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін де күрделі мәселеге айналды. Мәжілісмендер құмар ойындарға тәуелділердің көбеюіне қатты алаңдаушылық білдіріп, бұл мәселенің жастарға және жалпы қоғамға қалай әсер ететінін талқылады.

Кездесуде жастар арасында лудоманияның алдын алу бойынша негізгі мәселе, соның ішінде білім беру бағдарламасы мен құмар ойындарының тәуекелі туралы ақпараттық науқан талқыланды, лудомания мәселесіне тап болғандар үшін сапалы, қолжетімді медициналық және психологиялық қолдауды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар айтылды. Сондай-ақ, құмар ойындарды реттеуге және қатаңдатуға бағытталған заңнамаға өзгерістер енгізу мүмкіндігі талқыланды.

Мәжілісмендер жұмыс сапары барысында АМАНАТ партиясының Алматы қалалық филиалының кезекті ХХХІV конференциясына қатысты. Конференция жұмысына ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов, Мәжілістің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің



төрайымы Айгүл Құспан, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, мәслихаттағы фракция мүшелері, қалалық Саяси кеңес мүшелері мен партия белсенділері қатысты.

Конференцияда Алматы қаласы бойынша АМАНАТ партиясының 2023–2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасының іске асырылу барысы туралы баяндама жасалды. Сондай-ақ, Алматы қалалық филиалы мен «Жастар рухы» жастар қанатының 2021 жылдан 2023 жылдың I жартыжылдығына дейінгі кезеңде атқарылған жұмыстар туралы есебі тыңдалды.

Соңында конференция қонақтары белсенді қызметі мен қол жеткізген нәтижесі үшін ризашылықтарын білдіріп, сондай-ақ фракция жетекшісі Қазақстан Республикасы Конституциясының 28 жылдығына орай партияға салтанатты қабылдау рәсімін өткізді.

Сапардың соңғы кезеңі фракция жетекшісі Елнұр Бейсенбаевтың «Қалқаман» метро станциясы құрылысының барысымен танысуы болды. Бүгінгі күні метрополитеннің үшінші іске қосу кешенінің құрылысы бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Қалқаман» метро станциясын салу жобасы Алматы қаласы бойынша АМАНАТ партиясының сайлауалды бағдарламасының 2.3-бөліміне енгізілген, онда 4 станция салумен 7,2 шақырым метро желісін кеңейту көзделген. Жоспарға сай, «Қалқаман» станциясының құрылысын аяқтау мерзімі — 2025 жыл. Бұл жоба Алматының көлік инфрақұрылымын нығайту мен қала тұрғындарының жайлылығын жақсартудағы маңызды қадам болмақ.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ»

Жаңа оқу жылы, сондай-ақ Конституция күні қарсаңында Алматы қаласының Медеу ауданында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы бастау алды.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

«Мектепке жол» акциясы аясында Орталық мәдениет және демалыс саябағында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға арналған мектеп керек-жарақтары мен оқушы киімдері табыс етілді.

Қайырымдылық іс-шара жыл сайынғы негізде өткізіледі және ағымдағы жылы «Мектепке жол» акциясы шеңберінде ХӨТ санаттарынан шыққан 1213 оқушының шотына бюджет қаражаты есебінен 43 000 теңгеден мектеп формасын алу үшін жіберілді. Оның жалпы сомасы 52 млн теңгені құрады.

Сондай-ақ, осы акция аясында аудан демалушыларының қолдауымен 600 мектеп оқушысына қосымша көмек көрсетілді. Барлық қатысушыларға мектеп формасын алу үшін сертификаттар берілді, мектеп сөмкесі негізгі кеңсе тауарларымен

толтырылып, балаларға қосымша аттракционға билеттер тегін берілді.

2023–2024 оқу жылына 1-сыныпқа қабылдау 1 сәуірден басталып, 2023 жылдың 1 тамызына дейін жалғасты. Нәтижесінде мемлекеттік мектептерге — 2888 бала, жекеменшік мектептерге, — 716 бала қабылданды.

— Бұл іс-шараның мақсаты — аз қамтылған отбасылардың балаларына жәрдемдесу. Биыл 600-ге тарта бала мектепке қажетті керек-жарақ алды. Осы шаруаны атқаруға мұрындық болған кәсіпкер жомарт жандар дер едік. Осының өзі балаларға деген үлкен көмек, — деді Медеу аудандық Қоғамдық даму бөлімінің басшысы Сәкен Аралбаев.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҰЖЫМ ҰЙЫМШЫЛДЫҚ ТАНЫТУДА

Қазір Алматы қаласының Білім басқармасы балалардың құқығы мен мүддесін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында «Мектепке жол» акциясын «Жақсылық жаса!» ұранымен өткізіп жатыр.

Әуезов ауданындағы №72 жалпы білім беретін мектеп ұжымы да аталмыш іс-шараға өз үндерін қосып, белсенділікпен қатысуда. Мектепте арнайы стенд жасалып, «Мектепке жол» акциясының барысы туралы ақпараттар ілінген.

Мектеп әкімшілігі мен қамқоршылық кеңесі демалушыларымен балаларға қажетті құрал-жабдықтар мен мектеп формасы таратылды. Айта кетсек, 1-сыныптың әл-ауқаты төмен көпбалалы отбасындағы 5 оқушысына мектеп сөмкесі мен кеңсе тауарлары, тағы да 3 оқушыға мектеп формасы табыс етілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына

сәйкес, 2022 жылдың 15 тамыз күні мектеп кеңесімен жалпы мектептік комитеттің шешіміне орай, «Жалпы оқу қорынан бөлінген қаржының жұмсалуды туралы» бұйрық шығарылды.

Жалпы оқу қорынан бөлінген қаржы аз қамтылған, жетім және әл-ауқаты төмен көпбалалы отбасындағы 44 оқушының ата-аналарының есеп-шотына толықтай аударылды. Ол қаражат 1,892000 тг (бір миллион сегіз жүз тоқсан екі мың) теңгені құрады.

«Мектепке жол» акциясына мектептің тәрбие ісінің меңгерушісі бастаған, әлеуметтік педагог, басқа да ұжым мүшелері қолдау көрсетіп, дәл қазір жайсыз отбасылардың мектепке бармай жүрген оқушыларын анықтауға кірісті.

А.ЕДІЛОВА,
тәрбие ісінің меңгерушісі,
А.ҚАЗБЕК,
әлеуметтік педагог.



БАСТЫ ҚҰЖАТ

Қазақстан Республикасының Конституциясы күні азаматтардың еліміздің басты Заңына назар аударуын арттырады. Қазақстандықтарға бұл құжаттың маңызы, Конституцияның азаматтарға қандай құқық пен құндылық беретіні және елде конституционализмнің қалай дамып жатқаны қызықтырады.

Қазақстанның Негізгі Заңының тарихы мен Конституция күні

Тәуелсіз Қазақстан өмір сүріп жатқан Негізгі Заң 1995 жылы 30 тамызда бүкіл-халықтық референдумда қабылданды.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақ қоғамының заңнамалық негіздерінің сан ғасырлық даму процесінің жалғасы болып табылады. Қазақ хандығында қазақтар шашыраңқы көшпенділер болмағаны, қоғамдағы қатынастарды реттейтін заңдар қабылдағаны белгілі. Әсіресе, XVII-XVIII ғасырлар тоғысында қабылданған «Тәуке хан заңдары» немесе «Жеті жарғы» сәтті болды.

Бүкіл XX ғасыр дерлік Қазақстанның тағдыры Кеңес Одағымен байланысты болды, сондықтан республика өмір сүрген заңдар кеңестік сипатта болды:

1926 жылғы Қазақ АКСР Конституциясы РКФСР Конституциясының іс жүзінде қайталады, өйткені ол РКФСР Конституциясының бір бөлігі болды.

Қазақ КСР-нің 1937 жылғы Конституциясы басқа республикалармен Одаққа ерікті түрде қосылуды бекітті.

Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы республикадағы бүкіл басқару жүйесіне Коммунистік партияның үстемдігін бекітті.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ғана ел заңдарының қалыптасу процесі өз бетінше жүргізіле бастады. Ол «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңнан басталып, 1978 жылғы Қазақ КСР Конституциясының нормаларынан жоғары болып, елімізде бір жылдан астам Негізгі Заңның қызметін атқарды. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдады. Ол елдің жаңа мәртебесін қамтамасыз етті. Негіз ретінде парламенттік республика үлгісі алынды, бірақ биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының өкілеттілігі реттелмеген күйінде қалды.

Академиктер, профессорлар, заңгерлер Ата Заң бойынша жұмысты жалғастырды, олар басқа елдердің жиырмаға жуық осыған ұқсас құжаттарын зерттеді. Содан кейін еліміздің 3 миллионнан астам азаматы қатысқан Конституция жобасын ұзақ талқылау үдерісі басталып кетті. Ұжымдық талқылаулар барысында 30 мыңға жуық түрлі толықтырулар мен өзгертулер ұсынылды, оның 1 мыңнан астамы жобаға енгізілді. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда өткен референдумда халық тарапынан қабылданды. 7 миллионнан астам азамат, яғни дауыс бергендердің 90 пайызы жаңа Конституцияны қабылдады, көп ұзамай ол күшіне енді.

Конституцияның қорытынды ережелерінде (90-бап) құжат қабылданған күн 30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесі болып белгіленді. Еліміздегі мерекелер туралы заңда ол мемлекеттік мереке мәртебесіне ие, сондықтан еліміздің барлық азаматтары үшін демалыс күні болып табылады.

Осы жылдар бойы Конституция өзгеріссіз қалған жоқ, оған 5 рет өзгертулер енгізілді, 2022 жылы конституциялық реформа жүргізілді. Негізгі Заңға өзгерістер енгізу тұрғысынан Қазақстанда көптеген елдерге қарағанда қатаң жүйе қалыптасқан. Ол Заңды өзгермелі саяси күштерге сәйкес жиі және ерікті өзгертулерден қорғайды. Елеулі түзетулер қоғамда талқыланып, тек референдумда ғана қабылданады.

«Конституциялық реформа Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірдің бастауын белгіледі. Ендігі жерде әділдік, ашықтық және ынтымақтастық қағидаттары қатаң сақталады».

Қ.К.ТОҚАЕВ.

АТА ЗАҢЫМЫЗДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ



АТА ЗАҢ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ ДЕРЕКТЕР

Еліміздің қазіргі Конституциясы қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, бірақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында онымен қатар орыс тілі де қолданылады. Бір қызығы, қазақ тіліндегі Конституция орыс тілі нұсқасынан (7168-ге қарсы 8904 сөз) үлкен болып шықты, оған қазақ тілінің ерекшелігі мен заң терминдерінің аудармасы әсер етті.

Конституцияның негізгі мазмұны мен құрылымы

Кіріспеді тарихи тағдыры ортақ, өзін бейбітсүйгіш азаматтық қоғам деп танитын және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін сезінетін қазіргі қазақ қоғамының аса маңызды қағидалары баяндалған. Осының негізінде Қазақстан халқы Конституцияны қабылдайды деп көрсетілген. Ата Заңның ең негізгі деген кейбір баптарына тоқталып, түсініктеме беруді жөн көріп отырмыз.

Негізгі Заң 9 бөлімнен тұрады, онда мемлекеттік құрылымның негіздері, азаматтардың құқығы мен бостандығы көрсетілген. Алты бөлім елдегі билікті жүзеге асыруды ұйымдастыру негіздеріне (Президент, Парламент, үкімет, конституциялық сот, сот жүйесі және жергілікті өзін-өзі басқару туралы ережелер) арналған.

Ол қоғамның іргелі принциптерін бекітетін 99 баптан тұрады. Елдегі билік өзара әрекеттесетін, бірақ тежемелік және тепе-теңдік жүйесін құрайтын үш тармаққа (заң шығарушы, атқарушы және сот) бөлінген.

ҚР Конституциясының 1-бабы мемлекет пен оның құндылықтарының негізгі сипаттамаларын айқындайтын іргелі бабы болып табылады. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде айқындайды. Бұл саяси құрылымның негізі адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, биліктің бөлінуіне және құқықтық қорғаудың кепілдігіне негізделген демократия екенін білдіреді. Зайырлылық мемлекеттің діни ұйымдардан тәуелсіздігін және мемлекеттік діннің жоқтығын көрсетеді. Мемлекеттің әлеуметтік сипаты азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты мен қорғалуын қамтамасыз етуге деген ұмтылысты білдіреді.

ҚР Конституциясының 2-бабы елдің мемлекеттік құрылымының негізгі қағидаттарын белгілейді. Президенттік басқару нысаны бар біртұтас мемлекет Қазақстанның біртұтас және бөлінбейтін саяси бірлік екенін білдіреді. Елдегі билік Мемлекет басшысы және Конституцияның кепілі қызметін атқаратын Президенттің қолында шоғырланған. Мемлекеттің егемендігі оның тәуелсіздігі мен өз аумағындағы жоғарғы

билігін білдіреді. Қазақстан өз аумағының қол сұғылмаушылығын, тұтастығын және бөлінбейтіндігін қамтамасыз етуге міндеттенеді, бұл елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі болып табылады.

Конституцияның маңызды ережелерінің бірі – мемлекеттік биліктің басты және бірден-бір бастауы – халық (3-бап). Бұл құқық республикалық референдум, еркін сайлау, мемлекеттік органдарға өкілеттіктерді беру арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жоғарғы заңдық күшке ие (4-бап), бүкіл құқық жүйесінің өзегі және басқа құқық салаларының қайнар көзі болып табылады. Бұл азаматтарға Ата Заңның тиісті нормалары негізінде өз құқықтарын сотта қорғауға мүмкіндік береді.

Елде әртүрлі партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметі түріндегі идеологиялық және саяси әртүрлілік жарияланды (5-бап).

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабы елдегі меншікке қатысты маңызды қағидаттарды қамтып, мемлекеттік және жеке меншікті тең тану мен қорғауды қамтамасыз етеді. 1-тармақта Қазақстан Республикасының мемлекеттік және жеке меншікті мойындайтыны және бірдей қорғайтыны атап көрсетілген. Бұл екі меншік түрі де бірдей құқықтық мәртебеге ие болып, мемлекет меншік иелерінің құқығын құрметтеуге және қорғауға міндетті екенін білдіреді.

Қазақстандағы конституционализмнің дамуы

Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының үш онжылдығы ішінде қоғамда елеулі өзгерістер болды, олар Ата Заңдағы өзгерістерден көрініс тапты. Конституцияға бірнеше рет түзетулер қабылданды, олардың 90-нан астамы осы уақыт ішінде енгізілді.

Түзетулердің көпшілігі (41) 2007 жылы енгізілген. Олар пропорционалды сайлау жүйесін орнатты, саяси партиялардың мүшелері ғана Мәжіліс депутаты бола алатын. Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берді. 2017 жылы өзгерістер Президенттің, Парламент пен үкіметтің өкілеттіктерін қайта бөлуге әсер етті.

НЕГІЗГІ ӨЗГЕРІСТЕР МЫНАЛАР:

- Қазақстан суперпрезиденттік басқару түрінен ықпалды парламенті бар президенттік басқару түріне өтуде.
- Президенттің туыстарына жоғары мемлекеттік лауазымдарды атқаруға тыйым салынады.
- Жер мен оның астары халықтыкі.
- Қазақстандықтар Конституциялық сотқа өз бетінше жүгіне алады.
- Қазақстанда өлім жазасы болмайды.
- Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады.
- Сенаттағы президенттік квота қысқарады, Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасы жойылады.
- Мажоритарлық жүйе сайлаушылардың өтініші бойынша депутатты кері қайтарып алуға мүмкіндік береді.
- Тұңғыш Президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алынып тасталды.

Конституция күні – әрбір азаматтың еркін демократиялық қоғамда өмір сүру құқығына кепілдік беретін еліміздің Ата Заңының мерекесі. Еліміздің әрбір тұрғыны өзінің қай мемлекетте тұратынын, қандай құқықтары бар екенін білу үшін осы еліміздің басты құжатымен және оның тарихымен танысу маңызды.

Сабырхан
СМАҒҰЛОВ,
эл-Фараби
атындағы Қазақ
ұлттық
университеті
Қазақстан
тарихы
кафедрасының
оқытушысы.





БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ХАЙУАНАТТАР ДА ҚАЗАҚША ТҮСІНЕДІ

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен БАҚ өкілдерінің қатысуымен Алматы хайуанаттар бағында баспасөз туры өтті. Дүние жүзіндегі ең үлкен зоосаябақтардың біріне барып, жануарлардың жай-күйін біліп қайттық.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Хайуанаттарға арналған үй-жайлар елімізде – Шымкент қаласына (21 мың ш.м., 1 хайуанаттар бағы), Алматы (20,9 мың ш.м., 2 хайуанаттар бағы) және Қарағанды облысына (8,2 мың ш.м., 4 хайуанаттар бағы) тиесілі. Зообақта мекендейтін жануарлар, құстар мен балықтар түрлерінің саны бойынша оңтүстік астана көш басында тұр.

Бір күнің бір күніне ұқсап, күнделікті жұмыстан шаршағанда тылсым табиғаттың жаратылыстарын жақыннан көру ерекше демалыс сыйлайды. Тірі тіршілік иелерін көзбен көру бөлек те, олардың ас-суын беріп, баптау мүлдем басқа. Зообақ қызметкерлерінің жұмыс барысынан байқағанымыз, саябақтағы хайуанаттар да қазақ тілін түсіне бастапты. Саябақ мамандары аңдармен қазақша сөйлесіп, қатынас жасап, ас-сусынын беріп жүрді.

Алматы зообағында әлемнің түрлі аймағында кездесетін, елімізде сирек, тіпті, мүлдем кездеспейтін жануарлар бар. Оларды 223 қызметкер күтіп, баптайды. Баспасөз туры кезінде ең алдымен жыртқыш жануарлар, маймылдар мен кенгурулар мекендейтін бөлімге бардық.

Хайуанаттар бағына Австралиядан 2 түрінен 28 кенгуру әкелінген. Жер бетіндегі ең ерекше, әрі қызықты кенгурулар саябақтағы басқа жануарларға қарағанда, адамға әбден үйренген. Мүлдем жатырқамайды. Ал маймылдарға жақындағанда олардың бірі бізді көре сала, қатты айқайлап, екі қолын жоғары көтеріп тұра қалды.

Маймылдардың жайын жақсы білетін приматтар бөлімінің меңгерушісі Шолпан Әбдібекова маймылдарды тамақтандырып жүр екен. Зообақта 24 жылдан бері істейтін маманның айтуынша, саябақтағы 3 шимпанзеңі бірі өте көңілді, келушілерді осылай қарсы алады екен. Жалпы, мұнда 44 маймыл бар, олар жеті түрге бөлінеді. Кейбірі шетелден әкелінсе, кейбірі зоосаябақта туып, қолда өскен. Оларды жеті адам күтіп-бағады.

«Маймылдар күніне 4 мезгіл тамақтанады. Ішетін асы әр күні әртүрлі қоспадан дайындалады. Бір күні бал берілсе, екінші күні тосаппен қоспа беріледі. Келесі күні сары маймен араластырылып дайындалады. Мұның бәрі терісіне әсер етеді. Ішетін асына қосылатын дәмдеуіштердің бірі болмай қалса, терісі құрғап, жүндері түсіп қалады. Адам тәріздес маймылдар жеміс-жидек, көкөністермен қоректенеді. Ал шимпанзелердің бабы бөлек. Олар таңғы аста міндетті түрде ботқамен шәй ішеді. Ең қызығы, маймылдар адамдар сияқты тосап жағылған нан мен жұмыртқа жейді.

Маймылдар өте иолжаң, таңнан кешке дейін еркелетсең де, көптік етпейді. Қуанса да, ашуланса да, қатты шулайды. Саябақты басына көтереді. Кейде келушілер тым көбейіп, мазаны алса, еденнен тас тауып алып, келушілерге лақтырады. Тез ашуланады. Сезімін, эмоциясын жасырмайды. Зоосаябақта екі шимпанзе бар. Олар – Паша және Лола. Екеуі жұп. Паша 12 жаста, Лола 21 жаста. Ұрғашысын биыл ғана алдырттық. Екеуінің бір-біріне үйренуі көп уақытты алды. Екі айдай уақыт арасы төрмен бөлінген, бір-бірін көре алатын арнайы орынға орналастырдық», – дейді Шолпан Әбдібекова.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сейілхан АҚЫЛБЕКОВ,
Алматы хайуанаттар бағының директоры:

ЕҢ АЛДЫМЕН ЭКЗОТИКАНЫ КӨБЕЙТУІМІЗ КЕРЕК

Зоосаябақта жануарлардың 362 түрі бар. Хайуанаттардың жалпы саны – 4900-ге жуық. Жануарлардың мекендейтін жері мен түріне қарай зообақ 7 бөлімге бөлінеді. Аквариум, жыртқыш құстар, экзотикалық құстар, экзотариум, тұяқтылар және жыртқыш аңдар болып бөлінеді. Әр бөлімде жеке қызметкерлер жұмыс істейді. Биыл балықтарды қоспағанда, 35 түрінен 97 төл алдық. Балықтарды қосқанда 360 болады. Былтыр 71 төл алғанбыз. Жылдың соңына дейін 4 түрлі жануардан төл алу жоспарланып отыр. Бұдан да көп төл алуға мүмкіндік жетеді. Бірақ бізге бастысы сапа керек. Ең алдымен, экзотиканы көбейтуіміз керек.

Зообақтағы жануарлар биыл ақ аюмен толықты. Ресейден ақ аю, Израильдің Раматган зоорталығынан үш Гранта зебрасы әкелінді – бір еркек пен екі ұрғашы. Олардың барлығы 2022 жылы туылған. Жалақты жануарлар зообақтың орталық кіреберісіне жақын жердегі үлкен қоршаудың ішіне, үш Чапман зебраларымен бірге орналастырылды. Қысқа шимпанзеңі ұрғашысын, 2 амор жолбарысын алып келдік. Бізде арнайы қауымдастық бар. Дүниежүзілік қауымдастық арқылы әлемнің барлық елінің зоорталығынан қалаған жануарды алдырта аламыз. Қай мемлекеттен болса да тегін алуға мүмкіндік бар. Ең бірінші, бізде жануарларға жайлы жағдай жасалуы керек. Келесі

жылы Қытайдан қызыл панда алдырту жоспарда бар. Ел қызығатын, сұранысқа ие жануарлар төлін көбейтеміз.

Бізде жыртқыш құстар өте көп. Шектен тыс көбейген жануарлар елдегі басқа зообақтарға жіберіледі. Шетелде ғана емес, Қазақстанда сирек кездесетін тау барысын Коген ауданынан алып келді. Бастапқыда тым әлсіз болды. Екі жарым айдай осы жерде емдеп, өзінің мекеніне қайта жібердік.

Келушілердің саны, әсіресе, жаз мезгілінде артады. Былтыр 916 мың адам келген. Оның 860 мыңы билет арқылы өтсе, қалған 40 мыңы тегін келді. Биыл келушілер саны 1 миллионға жетуі мүмкін. Қазірдің өзінде 750 мыңдай адам келді. Биыл сметалық жоба қолға алынды. Африкалық саваннаға – 4 гектар, Арктикаға – 1,5 гектар жер, одан бөлек қар барысына арнайы жер бөлінді. Биыл жұмыс аяқталып, келесі жылы құрылыс басталады. Африкалық саваннаға аңның 25 түрі, 100-ге жуық жануар орналастырылады.

Ал Арктикада 5 түрінен 25 жануар (ақ аю, поляр қасқыры, поляр үкісі, т.б.) мекендейді. Қазір Швециядан қар барысын алдырту бойынша келіссөз жүргізілуде. Келесі жылы жоба құрылысы аяқталса, әлемде сирек кездесетін жануарлар әкелінеді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Акжамі РАХИМОВА,
Алматы хайуанаттар бағы даму бөлімінің
менгерушісі:

«ҚАРБЫЗ» акциясы басталды

Осы уақытқа дейін зообақ келушілеріне арнап бірнеше науқан ұйымдастырдық. Солардың бірі кеше басталған «Қарбыз» науқаны. Өздеріңіз білесіздер, қазір қарбыздың маусымы. Әр келуші билеттің орнына бір қарбыз әкеліп, зообақты емин-еркін тамашалай алады. Бір отбасы бір қарбыз әкелсе болады. Науқан 25 тамыздан 15 қыркүйекке дейін өткізіледі. Жануарларымызға арнайы әкелген әрбір қарбыз үшін бір отбасының 3 адамына сыйлық сертификатын береміз. Сонымен қатар, акцияға қатысушы әр адам арнайы тізімде көрсетілген жануарлардың бірін тамақтандыруына (әрине, жануар қауіпті болмаса) болады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-493 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қаңтартағы №1/1-74 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 1 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

1	«Megapolis Residence» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-313-019-333	Бостандық ауданы, Радостовец көшесі, 371 учаске	1,9276

реттік нөмірі 12 жолы алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-494 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Рысқұлов көшесін Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейін ұзарту үшін, Алматы қаласының Алатау аудандағы қала шекарасына дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-494 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Серикбаева Айжан Муханғалиевна	20-321-068-1068	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 13	0,0310
2	Маринов Мордун Хакимович	20-321-068-1212	«Алғабас» шағынауданы, Көкпар көшесі, 2/1	0,0500
3	Газиев Нұрмахамед Мухамедминович	20-321-068-1229	«Алғабас» шағынауданы, Көкпар көшесі, 21	0,0460
4	Баситов Абсалам Абдрасулович	20-321-068-1335	«Алғабас» шағынауданы, Көзайым көшесі, 1А	0,0457
5	Брюзгин Юрий Александрович	20-321-068-1524	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 5/1	жалпы-0,0600 үлесі-0,0120
6	Радченко Дмитрий Ильич	20-321-068-1524	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 5/1	жалпы-0,0600 үлесі-0,0120
7	Ногайбаева Борейхан	20-321-068-1615	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 17	0,0500
8	Баратова Гулором Овдиновна	20-321-068-1676	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 15	0,0384
9	Турунтаева Альбина Айлихановна	20-321-068-1743	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 19	0,0600
10	Михайлов Николай Леонтьевич	20-321-068-196	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 3	0,0500
11	Тулепбергенова Перуза	20-321-068-2143	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 9	0,0400
12	Копбаев Алпысбай Мырсыдықович	20-321-068-320	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 16	0,0800

13	Флатов Абдукадыр Аблезович, Абдурасулова Шахида Тохтасыновна	20-321-068-430	«Алғабас» шағынауданы, Сәмен Батыр көшесі, 2/2	0,0400
14	Розамова Латипа Каримовна	20-321-068-478	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 1	0,0550
15	Гаитов Аисажан Абайдуллаевич	20-321-068-708	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 11	0,1169
16	Исханов Кайрат Аширович	20-321-068-734	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 5А	0,0135
17	Кынатова Нурбиби Кенесовна	20-321-068-760	«Алғабас» шағынауданы, Сәмен Батыр көшесі, 6/1	0,0750
18	Мейманов Нурмахамет Пиданович	20-321-068-800	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 23	0,0783
19	Акымжанова Айнуір Женисовна, Ниязакынов Маулен Ыскакович	20-321-068-856	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 7	0,0758
20	Троегубова Наталья Николаевна	20-321-068-870	«Алғабас» шағынауданы, Көзайым көшесі, 54Б	0,0711
21	Рымбекова Эльмира Жумахановна, Мешелов Азамат Бейсенович	20-321-068-969	«Алғабас» шағынауданы, Сәмен Батыр көшесі, 4	0,0400
22	Зуляров Марсель Мирзалимович	20-321-068-998	«Алғабас» шағынауданы, Көкпар көшесі, 24	0,0500
23	Мандыбаев Ербол Серикович	20-321-069-078	«Алғабас» шағынауданы, Сәмен Батыр көшесі, 1	0,0333
24	Талқанбаева Карлыға Орынтаевна	20-321-069-1006	«Алғабас» шағынауданы, Молдияр Серікбаев көшесі, 2	0,0800
25	Чухнин Олег Александрович	20-321-069-1033	«Алғабас» шағынауданы, Молдияр Серікбаев көшесі, 3	0,0800
26	Ахтамов Ришат Ибублаевич	20-321-069-164	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 26А	0,0800
27	Макулов Сакен Алкенович	20-321-069-182	«Алғабас» шағынауданы, Молдияр Серікбаев көшесі, 1	0,0800
28	Лязат Жанболат Тулендыұлы	20-321-069-183	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 4	0,0800
29	Мырзаханов Саят Женисханович	20-321-069-190	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 8	0,0800
30	Зуляров Турсунжан Беделжанович	20-321-069-203	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 6	0,0800
31	Мырзамов Ахметжан Махаметович	20-321-069-234	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 22	0,0800
32	Садырова Расхан Мухамеджановна	20-321-069-268	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 18	0,0800
33	Бакирбаев Орисбай	20-321-069-349	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 16/1	0,0800
34	Сүйінбай Айшагүл	20-321-069-397	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 2А	0,0400
35	Изизов Мархабат Махмұтович	20-321-069-406	«Алғабас» шағынауданы, Саттар Естемесов көшесі, 5	0,0800
36	Есенкулов Талғат Абдрахманович	20-321-069-407	«Алғабас» шағынауданы, Молдияр Серікбаев көшесі, 4/1	0,0800
37	Мирзамов Махмұт Махаметович	20-321-069-408	«Алғабас» шағынауданы, Молдияр Серікбаев көшесі, 6	0,0800
38	Насыров Асан Аркенович	20-321-069-411	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 29	0,0677
39	Сарсенбаева Бахытқұл Кашкинбаевна	20-321-069-415	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 12	0,0800
40	Мусанова Анара Болатовна, Қожахметова Таңшолпан Ерланқызы, Қожахметов Қуат Ерланұлы	20-321-069-427	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 24	0,0855
41	Абдуллаев Куаныш Жарылқасынович	20-321-069-486	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 14	0,0800
42	Ушурова Арзигүл Мағаметовна	20-321-069-527	«Алғабас» шағынауданы, Саттар Естемесов көшесі, 3	0,0680
43	Наурызбаев Бақытбек Таңатұлы	20-321-069-550	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 25	0,0800
44	Найзабеков Бакитжан Аблаевич	20-321-069-561	«Алғабас» шағынауданы, Зұлпықар көшесі, 2/2	0,1100
45	Султанкулова Ажаргүл Аянғожаевна	20-321-069-627	«Алғабас» шағынауданы, Сәмен Батыр көшесі, 3/1	0,0760
46	Карядиоров Рамиль Ташмағамедович	20-321-069-651	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 2	0,0400
47	Қурбанова Мукарым Абдувалиевна	20-321-069-663	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 20	0,0800
48	Садыков Касенхан Калтаевич	20-321-069-727	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 31	0,0800
49	Маметниязов Акимжан	20-321-069-736	«Алғабас» шағынауданы, Молдияр Серікбаев көшесі, 5	0,0700
50	Имиров Азатжан Турганович	20-321-069-804	«Алғабас» шағынауданы, Бойтұмар көшесі, 27	0,0800
51	Султанкулова Ажаргүл Аянғожаевна	20-321-069-849	«Алғабас» шағынауданы, Сәмен Батыр көшесі, 3А	0,0200
52	Гиястинов Низамдун Рашидинович	20-321-069-872	«Алғабас» шағынауданы, Саттар Естемесов көшесі, 7	0,0800

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-495 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2020 жылғы 26 маусымдағы №16 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Төле би көшесін ұзарту үшін Ясауи көшесінен қала шекарасына дейін орналасқан Әуезов және Наурызбай аудандарындағы жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 24 тамыздағы
№3/370-495 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Гуль-Канат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-322-004-007	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 2 В	0,1564
2	Пак Владислав Миронович	20-322-004-498	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 1 К	0,099
3	Тажибаева Майра Джумабаевна, Тасов Алмас Аскарович	20-322-004-513	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 2/10	0,15
4	Жакибалиева Гульназ Адильхановна	20-322-004-841	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 9/1	0,0459
5	Кебекбай Ерлік Ержанұлы	20-322-004-863	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 2/6 учаске	0,0796
6	Уралов Карлыбай Уразбаевич	20-322-004-864	«Қалқаман-2» шағынауданы, Машан көшесі, 2/7 учаске	0,0797
7	Пак Вячеслав Миронович	20-322-003-159	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 2 Г	0,0912
8	Пак Вячеслав Миронович	20-322-003-160	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 2 Г	0,1068
9	Сарқынбек Зорағұл	20-322-003-265	«Қалқаман-2» шағынауданы, Әшімов көшесі, 2 Б	0,0424

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-496 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 маусымдағы №7 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзарту үшін, Алматы қаласының Алатау және Наурызбай аудандарындағы қала шекарасына дейін орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 24 тамыздағы
№3/370-496 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуда жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Маймулов Абдысалим Абдраимович	20-312-044-038	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 20	жалпы - 0,1202 үлесі - 0,0601
2	Маймулова Асия Абдраимовна	20-312-044-038	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 20	жалпы - 0,1202 үлесі - 0,0601
3	Қасымов Тайиржан Ахметджанович	20-312-044-155	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 14	0,0592
4	Гайтова Гульбахрам Курбановна	20-312-044-193	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 4	жалпы - 0,0972 үлесі - 0,0400
5	Усманов Руслан Турсунмухамедович	20-312-044-193	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 4	жалпы - 0,0972 үлесі - 0,0572
6	Щербакова Людмила Николаевна	20-312-044-224	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 10	0,0648
7	Збродова Тамара Алексеевна	20-312-044-281	«Достық» шағынауданы, Ясауи көшесі, 25 А	0,0329
8	Исламова Хасет Турсуновна	20-312-044-315	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 12	0,0861
9	Босаков Азат Мусаевич	20-312-044-350	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 13 А	0,0348
10	Анаятов Мажит Гайтович, Анаятова Бибисара Султановна	20-312-044-361	«Достық» шағынауданы, Сәдуақасов көшесі, 42	0,0825
11	Кейкишева Гульзира Кабдрахмановна	20-312-044-388	«Достық» шағынауданы, Ясауи көшесі, 31	жалпы -0,0563 үлесі - 0,0231

12	Яхьярова Турсунай Абдуллаевна	20-312-044-388	«Достық» шағынауданы, Ясауи көшесі, 31	жалпы -0,0563 үлесі - 0,0322
13	Азнабакиева Гульвирам Айсевна	20-312-044-410	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 13	0,0406
14	Нуржанова Улжан Мирзакуловна	20-312-044-432	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 22	0,0999
15	Устинова Наталья Ивановна	20-312-044-463	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 16	0,0515
16	Дамуллаев Абдрашит Джамиевич	20-312-044-480	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 18	0,0895
17	Аюпова Гулбахрам Умаржановна, Искендерова Гульнара Умиржановна, Аюпов Ильмурат Умирджанович, Аюпова Гульмирам	20-312-044-482	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 11	0,0433
18	Босаков Авут Мусаевич	20-312-044-494	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 15	0,0400
19	Хидбакиева Динара Баховдуновна	20-312-047-043	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 72	0,0558
20	Курбанов Абдурахман	20-312-047-076	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 49	жалпы-0,1132 үлесі-0,0796
21	Курбанов Ибинаббас Абдурахманович	20-312-047-076	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 49	жалпы-0,1132 үлесі-0,0336
22	Пахридинова Арзагуль Илахуновна	20-312-047-087	«Достық» шағынауданы, Кеменгер көшесі, 62	0,0412
23	Якъяров Аблимит Абдуллаевич	20-312-047-098	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 19	0,0503
24	Халилов Аблимит Абдужелилович	20-312-047-114	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 50	жалпы - 0,1086 үлесі-0,0544
25	Шабурханов Анвар Шахасанович, Шабурханова Шаруанхан Махаметжановна	20-312-047-114	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 29А	жалпы - 0,1086 үлесі-0,0542
26	Баситов Бахтияр	20-312-047-121	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 57	0,0860
27	Махсұтов Абдрашит Ярмухамедович, Махсұтова Гульбахар Ясыновна, Махсұтова Латифа Абдрашитовна	20-312-047-134	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі,58	0,0672
28	Буралкиева Сахидам Тургановна	20-312-047-136	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 59	0,0677
29	Дабенов Юрий Авсурбаевич	20-312-047-138	«Достық» шағынауданы, Кеменгер көшесі, 34	0,0301
30	Надырова Рашидам Қарымджановна, Джалалова Самирам Қарымджановна, Амраев Ринат Каримжанович	20-312-047-221	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 47	0,0547
31	Исмаилова Надежда Алексеевна	20-312-047-226	«Достық» шағынауданы, Ясауи көшесі, 36	0,0300
32	Турганова Надиям Турсунмагометовна	20-312-047-230	«Достық» шағынауданы, Кеменгер көшесі, 27	0,0689
33	Ивашенко Надежда Александровна	20-312-047-274	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 76	0,0600
34	Ибрагимова Асия Аблимитовна	20-312-047-306	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 23	0,0884
35	Мажитов Пархат Мирваханович	20-312-047-310	«Достық» шағынауданы, Ақкөгершін көшесі, 51	0,0811
36	Насырдинов Абдумажит Абдришитович	20-312-047-315	«Достық» шағынауданы, Қарахан көшесі, 21	0,0433
37	Хаджиев Азизжан Ибрагимович	20-312-047-319	«Достық» шағынауданы, Ясауи көшесі, 42	0,0881
38	Ушурова Турсун Шариповна, Абдрахманов Абдрасулам Сайдалиевич, Абдрахманова Дельберим Сайдалиевна	20-312-047-340	«Достық» шағынауданы, Фарид Шәріпов көшесі, 35	0,0495
39	Хамраева Малика Инамжановна, Хамраева Мукарам Нурмухамедовна, Хамраев Дилмурат Инамжанович, Хамраев Азиз Инамжанович	20-312-047-387	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 78А	жалпы-0,1175 үлесі-0,0541
40	Хамраева Гульназ Махмутжановна, Бакамов Полат Махмутжанович, Низамова Даниям Асимовна	20-312-047-387	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 78	жалпы-0,1175 үлесі-0,0644
41	Чербекова Сяням Рахметжановна, Алимова Сажидям Рахметжановна, Маматалиева Наргиза Ашминовна, Чербекова Гулбустан Рахметжановна	20-312-047-415	«Достық» шағынауданы, Қарғалы көшесі, 35	0,0848
42	Маметов Рустамжан Именжанович	20-312-047-424	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 74	жалпы-0,0739 үлесі-0,0416
43	Именжанов Тахиржан Рустамжанович	20-312-047-424	«Достық» шағынауданы, Сыйластық көшесі, 74	жалпы-0,0739 үлесі-0,0323
44	Кузембаев Береке Рахатович	20-312-047-473	«Достық» шағынауданы, Фарид Шәріпов көшесі, 34/1	0,0708

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы №3/370-497 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2023 жылғы 14 маусымдағы №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мектепке өту жолын ұйымдастыру үшін Васип Садырович Эивовтен және Сания Бадерхановна Эибовадан, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Теректі» шағынауданы, Таусамалы көшесі, 1/66 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-070-1083) ауданы 0,1658 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.



ЖИЫН



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТҮРІК ЖУРНАЛИСТЕРІМЕН БАСҚОСУ ӨТТІ

Алматыда Түркітілдес журналистер қорының ұйымдастыруымен Қазақстан мен Түркия журналистерінің басқосуы өтті.

Іс-шараға отандық ақпарат саласының өкілдерімен қатар, түрік елінің білікті мамандары қатысып, Балыкесир Журналистер одағының төрағасы Рамазан Демир, Түркия Ақпарат министрлігінің мамандары, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары сөз сөйледі. Халықаралық жобаны ұйымдастырған – «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ мен Дүниежүзілік шетелдік баспасөз ассоциациясы.

– Бізді құрметтеп шақырып, қошеметтеп қарсы алғандарыңызға алғыс білдіремін. Бізге Алматы қаласының әсем табиғаты қатты ұнады. Меніңше, қазақ-түрік журналистерінің арасында басталған кәсіби ынтымастықты бұдан кейін жергілікті басқару, әкімдік, мемлекеттік қызметкерлер арасында жалғастыру керек. Түркиялық, қазақстандық

журналистерде кездесетін қиындықтар мен кедергілерді ақылдасып, кеңесіп шешетінімізге сенемін. Ынтымақтастық кезінде де осы мәселе қаралады. Империализмнің күшейген тұсында журналистердің тек шындыққа негізделген нақты ақпаратты беруі арқылы мемлекетті дамыта алатынына сенеміз. Біз журналистер басқалардың емес, халықтың дауысы, үні болуымыз керек. Ақпараттық технологиялардың дамыған кезеңінде, жасанды интеллекттің өркендеген дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан журналистиканы жаңа үдерістерге бағыттап отырып дамытуымыз керек, – дейді Балыкесир Журналистер одағының төрағасы Рамазан Демир.

Кездесуде «Масс-медиа туралы» заң жобасы аясындағы түрлі мәселелер қозғалды. Түркиялық әріптестер өз елінде осы заң аясында журналистерге қандай қаржылық көмек көрсетілетіндігін атап өтті.

– Түркияда журналистерге барлық жағдай қарастырылған «Масс-медиа туралы» заң жобасында олардың құқығы мен міндеттері ашық әрі

нақты жазылған. Интернет-порталдар мен сайттарға қайтарымызсыз несие қарастырылған. Журналистерге пайызсыз несие беріледі. Журналист қаза тапқан немесе оқыс оқиғаға тап болған жағдайда, отбасына қайтарымызсыз көмек беріледі. Сонымен қатар, журналистерді кәсіби тұрғыда дамыту мақсатында семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылады. Мемлекет тарапынан журналистерге көрсетілетін мұндай көмек қарапайым халықтың нақты ақпаратқа қол жеткізе алуы үшін журналистердің алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік беруге жасалады. Бұған дейін газеттерге ғана осындай қаржылық көмек берілетін, кейін қайта қаралып, заңға өзгертулер енгізілді. Енді сайттағы тілшілерге де осындай көмек көрсетіле бастады. Алдағы уақытта да журналистерге «Масс-медиа туралы» заң жобасы аясында көмек көрсетілмек. Түрік журналистерінің шетел журналистерімен ынтымақтастық орнатқандарын қолдаймыз, – дейді меймандар.

Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Кәріз жүйесі қалыпқа келді



Суретті түсірген С. СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласы Түркісіб ауданындағы Кіші Алматы арнасы арқылы өтетін диаметрі 500 миллиметрлік кәріз коллекторы учаскесінде техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою және жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Түркісіб ауданы тұрғындарының суарыныс негізінде кәріз жүйесі жаңарды. Өткен ғасырдың 1960 жылдарынан бері бой көтеріп, көпшілікке қолжетімсіз болған ескі нысан қайта қалпына келтірілді.

Кәріз құбырының асты толықтай қайта жасалды. Дәлірек айтқанда, жаңадан абаттандырылды. Енді бұдан бұлай лас су құбырдан ағып, жұртшылыққа қолайсыздық тудырмайтын болды.

Жалпы, жұмыстың жай-жапсары толық баяндалды. Бұл туралы Түркісіб ауданы әкімінің орынбасары Айдос Бекетаев айтып берді.

– Көктемде кәріз құбырының жұмысын бастағанбыз. Содан бері 6 айға жуық уақыт өтті. Осы мерзім ішінде жөндеу жұмыстары толық іске асырылып, аяқталды. «Алматы Су» мекемесімен бірлесіп, осы жұмыстардың бәрін қадағалап жүргіздік, – деді ол.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚҰҚЫҚ

Әкімшілік шаралар қабылданады

Алматыда заманауи өнер мұражайын салуда инженерлік желілерді тартумен айналысқан «Парсек Ltd» ЖШС мердігерлік ұйымы кәріз жүйесіне заңсыз енген.

Соның салдарынан әл-Фараби даңғылының учаскесіндегі жол төсемі (Назарбаев даңғылына оң жақ кіреберісі, оңтүстік-батыс бұрышы) зақымданды.

Қалалық қызметтер жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін зақымдалған учаскеге жөндеу (асфальтбетон жабынын одан әрі қалпына келтіре отырып, бос орынды ашу және толтыру) жүргізді.

Құбырды (диаметрі 50 см) төсеу мұражай жағынан құдықтан жол бойындағы құдыққа дейін қазу әдісімен жүргізілгені анықталды. Бұл ретте топырақ дұрыс тығыздалмаған. Сол себепті, жол төсемінің (шеткі жолақ) тұтасығы зақымданған.

Мердігер жазаланып, тиісті әкімшілік шаралар қабылданады. Жол төсемін қалпына келтіру мердігер есебінен жүзеге асырылады. Жолақтың еніне асфальтбетон жабынының жоғарғы қабатын 26 тамызда сағат 23.00-ден 06.00-ге дейін жолдың ішінара жабылуымен (Назарбаев даңғылына оң жақ кіреберісі, оңтүстік-батыс бұрышы) қайта төсеу жоспарлануда.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

БІЛІКТІ
БАСШЫ

«Қазақтың тағдыры, келешегі мол ел болуы да мектептің қандай негізге құрылуына тіреледі. Мектебімізді сау, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тайынбай серттесуге болады. Ал сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт», – деп ақын, ұлы педагог М.Жұмабаев айтқандай, елдің ертеңін мектеп айқындайтыны сөзсіз. Ал ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деп атап көрсеткеніндей, білім ошағының түп қазығы – мектеп ұжымы.



Мектеп ұжымын қалыптастырып, жұмысын жүйелейтін маңызды тұлға, әрине, мектеп басшысы. Демек, айтылар ойдың арқауы – қазіргі таңда бірлігі жарасқан, тірлігі тау асқан Медеу ауданы №172 мектеп-гимназиясын басқарып келген Талғат Қазыбаев жайлы.

2003 жылы қазақтың қара домалақ балаларының бағына қарай салынып, қаңтар айында пайдалануға берілген білім ошағына Нұрайым Қанабекқызы басшылыққа тағайындалғаннан бастап мектептің жұмысын дұрыс жолға қою, жаңа ұжым қалыптастыру оңай болмағаны айтпаса да түсінікті.

Қиын да жауапты кезеңдерде мектеп басшысының жанынан табылып, осы жылдары мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған Талғат Талдыбайұлының да еңбегі ерен. Білікті басшы еңбек еткен жылдарында өзін білімді, білікті, белсенді ұйымдастырушылық қабілеті жоғары маман ретінде көрсете білді. Талғат Талдыбайұлы 2017 жылы «Білім беру саласының үздігі» құрметті атағымен, Х.Доспанова атындағы қалалық физикалық турнирде белсенділік танытқаны үшін грамотасымен, білім беру саласына қосқан үлесі үшін Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы», елімізде демократиялық қоғамның дамуына өз үлесін қосқаны үшін «Аманат» партиясының Алғыс хатымен, «Өрлеу» БАҰО АҚ Алғыс хатымен марапатталды.

Талғат Талдыбайұлының тікелей мұрындық болуымен мектебімізде қазақ

тың біртуар өнер қайраткерлері мен спорт шеберлері қонақта болып, өскелең ұрпақтың тәрбиесіне сүбелі үлестерін қосты. Басшы – ұжымға өмірлік азық боларлық пайдалы білім мен жанына ізгіліктің нәрін себуші, жақсы мен жаманды үйретіп, адамгершілік қасиеттерді сіңіруші, ең жақын жанашыры әрі ақылшысы.

Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі қоғамды ертең алға сүйрейтін озық ойлы адам және жаңашыл педагог мамандарды тәрбиелеуші, өз уақытын аямай, өзгенің бақытты аялаушы ретінде Талғат Талдыбайұлы әр әріптестерімен теңдей сөйлесетін, қарапайымды да мейірімді келбетімен көпшілікке үлгі. Кез келген ұстазға өз басшысы жайлы жазу оңай емес, десек те, білікті басшы, іскер мұғалім қайнатқан білім қазанында қайнатқан Талғат Қазыбаевтың ерен еңбегін айтып мақтан етуді зор құрмет деп санаймыз. «Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі», – деп айтқан Қ.Сәтбаевтың сөзіне сай, мектеп ұжымының бүгінгі таңдағы жеткен жетістіктері мен толағай табыстарын зор мақтанышпен айтуға болады.

Әмина ЖАҚСЫБАЕВА,
№172 мектеп-гимназиясы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Сандуғаш ОҢАРҚЫЗЫ,
гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



БАСПАСӨЗ ТУРЫ

АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫ:

Жаңа халықаралық жолаушылар терминалы салынуда

Алматы әуежайының жаңа халықаралық жолаушылар терминалы құрылысының аумағына баспасөз туры ұйымдастырылды.

Жиылған журналистерге халықаралық Алматы әуежайының президенті Алып Ер Тоңға Ерсой әуежайдағы жаңа жолаушылар терминалы құрылысының барысы туралы кеңінен айтып берді. Түрік дүниесіне аты мәлім баһадүр Алып Ер Тоңғаның есімін иемденген әуежай басшысы журналистерге құрылыс кестесінің ілгерілеп, әлемдік деңгейдегі Алматы әуежайының жаңа терминалын іске қосуды келер жылдың жазында аяқтауды жоспарлап отырғандарын айтты.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Бұл жаңа ғимараттың құрылысы халықаралық терминалдың тіке жолдарына борт көлеміне байланысты бір уақытта жеті ұшаққа дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Әуежайдың жалпы өткізу қабілеті жылына 14 млн жолаушыға дейін артпақ. Баспасөз туры аясында Алматы әуежайының басшысы жаңа жолаушылар терминалының ауданы 55 000 шаршы метр болатынын айтты. Дизайнға сай, құрылым қолданыстағы терминал ғимаратына жерүсті өткелі арқылы қосылады.

Жаңа мекенжай жолаушыларға ғимараттың сыртына шықпай-ақ ішкі және халықаралық рейстерден ауысуға оңай қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Алып Ер Тоңға Ерсой әуежайдың вокзал маңындағы аумағында жол жүрудің жаңартылған сызбасын көрсетіп, журналистерді қызықтырған сауалдарға жауап берді. 2021 жылы TAV Airports компаниясына берілген қолданыстағы терминал жолаушыларға ең жақсы жағдай мен саяхат тәжірибесін қамтамасыз етуде жеткілікті өткізу қабілетіне ие емес еді. Биылғы 7 айда Алматы әуежайы 5,2 млн жолаушыны қабылдады. Бұл былтырғы сәйкес кезеңнен 36%-ға жоғары.

Сонымен қатар, әуежай жолаушылардың топталуын азайту, сондай-ақ ыңғайлы ету мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізді: 2022 жылдың күзінде ішкі ұшу жинақтағышы (6 гейт) кеңейтіліп, ағымдағы жылдың шілдесінде халықаралық ұшу секторында (2 дана) отырғызуға шығу жолдары ұлғайтылды. Осы жылдың тамыз айында халықаралық ұшып келу орнында қосымша екі паспорттық бақылау кабинасы орнатылды. Былтырғы күзден биылғы сәуірге дейін 10 санитарлық торап жаңартылды. Осы жылдың маусым айында ішкі ұшу секторында екі өнеркәсіптік кондиционер орнатылды. 11 тік жылжымалы кондиционер сатып алынып, үстіміздегі жылдың тамыз айында 4 жаңа перрондық автобус сатып алынды.

Екінші қабатқа кіретін пандусты қайта жарақтауға (реконструкция) байланысты келетін және кететін автокөліктердің қозғалысы тікелей бірінші қабатқа ұйымдастырылған болатын. Соның әсерінен жол жүру қиындығы туындады. Жаңа пандус 29 тамызда ашылып, нәтижесінде әуежай автотұрағындағы кептелісті азайтады.

Әуежай басшылығы 250 орынды қосымша автотұрақ орнату жөнінде шешім қабылдады. Қосымша 150 орынды автотұрақты пайдалануға берудің бірінші кезеңі – ағымдағы жылдың қыркүйегі. Автотұрақтың (100 орынды) екінші кезеңі – осы жылдың қарашасы. Баспасөз туры барысында жаңа халықаралық жолаушылар терминалын салу шығыны мен қаржыландыру мәселесі де сөз болды. TAV Airports барлық құрылыс, жаңарту мен қайта құру шығынын өз мойнына алғаны айтылды.

Алматы әуежайының президенті қосымша инвестицияларды пысықтау сатысында тұрған шеберлік-жоспарға сай, ұшу-қону жолағын қайта жаңарту, жүк қоймасының алдындағы жаңа жүк перроны, мұзды сұйықтыққа қарсы жинауға арналған дренаждық жүйелер, т.б. жүзеге асырылатынын журналистерге жеткізді.

Жаңа терминалдың ерекшелігі – EDGE стандартының advanced деңгейіне сәйкестігі (ресурстық тиімділікке бағытталған жасыл ғимаратты сертификаттау жүйесі), ол 40%-дан астам энергияны үнемдеу мен жұмыс барысында терминал ғимаратында 20%-дай суды үнемдеуді, сондай-ақ құрылыс кезінде материалды үнемдеудің 20%-дан артығын қамтамасыз етеді.

Жаңа терминал сонымен қатар, халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) Optimum-стандарт деңгейіндегі қызметімен қамтамасыз етіледі. Оңтүстік астана әуежайының қызмет көрсету деңгейінің жаңа тұжырымдамасы әлемдік үрдістер стандартына негізделеді. Сондықтан жылдамдықты, сапа мен тиімділікті арттыра келе, шығынды оңтайландыруға бағытталады.

«Tav Airports Holding Алматы әуежайын Орталық Азиядағы ірі жүк хабына айналдыруды, еліміздегі компания басқаратын әуежайлар мен басқа да халықаралық платформаларда ілгерілетуді, Қазақстанға жаңа авиакомпанияларды тартуды жоспарлап отыр», – деп хабарлады Халықаралық Алматы әуежайының корпоративтік коммуникациялар департаментінің өкілдері.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Bilim school» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына **1200 АЕК-тен** аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincenter.kz.

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz.** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін
десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСҚАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Саымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Айнабай МӘДИ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ОЙ-ТОЛҒАМ

БЕЙІМДІ АДАМ БӘРІНЕ КЕРЕК

Қазір заман аурасы бөлек. Жаһан жедел дамып келеді. Адамға әмбебап әрі тиімді болу міндеті қойылғандай. Мұны заман талабы дер едік.

Бүгінгі уақыт жылдамдықты талап ететіндей. Барынша заманға бейім болсаңыз, болашағыңыз зор. Өйткені, ғылыми технология дамып, бәрі тез-тез жүріп жатыр. Әлемде бизнеспен айналасып өз атағын шығарғандар көп. Соның бірегейі Билл Гейтс, Джефф Безос – бәрі өз-өзін ұдайы дамытып, өзіне ыңғайлы кәсіп көзін ашқан. Сол арқылы биік дәрежеге жетті. Әлемді мойындатты.

Осы орайда бүгінгі адамның бет-бейнесін, қимыл әрекетін саралап көрелік. Сондай-ақ, біршама ойларды ортаға салайық.

ТАЛПЫНҒАН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Неміс ойшылы Георг Гегель «Ұлы мақсаттарды жүзеге асыру арқылы адам өзін өзгелерге шамшырақ ететін керемет мінезді тауып алады» депті. Қазіргі біздердің өмір сүріп отырған кезеңіміз біртіндеп соған келе жатқандай. Философтың айтатынындай бар. Бәрі қарбалас, барлығы бір нәрсеге асығып барады. Онсыз күн кешу мүмкін еместей болып көрінеді. Мүмкін бұл да заманның адамзат баласынан талап етіп отырған критерийлерінің бірі шығар. Кім білсін?!

Жаһандау процесі жүріп жатқан қоғамда ғұмыр кешудеміз. Мобильділік ережесі алға шықты. Ал баяу қозғалыс жасар болсаңыз, шаң жұтып қалуыңыз ғажап емес. Бұл, әрине, сіз артта қалдыңыз, өмір сүруге қабілетсізсіз дегенді білдірмейді. Бірақ белгілі бір дәрежеге жету қиынырақ болады. Мысалы, Жапония, Корей халықтары алға ұмтылуға, жетістікке жетуге құмар. Ол үшін ешкіммен, ешқандай шатақ шығармауға тырысады. Артық мінезді іште қалдырады. Тіпті, арнайы орында шыны сындырып, бір нәрсені қиратып, артық ашуды тысқа шығарады. Нәтижесінде сергек жүреді. Бойына артық мінез, стресс жинамайды. Жұмыс орындарында арнайы сондай орталықтар болатын көрінеді.

МІНЕЗ МАҚСАТҚА
ЖЕТУГЕ СЕПТЕСЕДІ

Егер мінезіңіз жақсы болса, қоршаған ортаға тез сыйысып кетесіз. Ең негізгісі, іштей өзіңіздің қуатыңыз мықты болғаны абзал. Жан-дүниенің таза, әрі амбицияға толы болса, озғаныңыз деп білеміз. Әрбір ортаға дауамайға көп ілінбейтін, өз ісінің шеберлері жылдам сіңіседі. Себебі, ол адам барлық жағынан қолайлы. Аса бір



уәж айтпайды. Тыңғылықты етіп, тірлігін сапалы әрі уақытында тындырып береді. Сол жағынан алғанда көпке ұнамды. Егер де көркем мінезге ие болып, сондай-ақ айналасына шуақ шашып жүрсе, оны барлығы іздейді. Мұндай жандар сұранысқа ие деп санауға толық негіз бар.

Көркем мінезді жанның алар асуы алда болмақ. Бізге берілген уақыттың өзі шектеулі. Бастысы, соны ұтымды пайдалана алсақ болғаны. Еуропа, Америка Құрама Штаттары, әлгіндегі Жапония мен Корея елдерінде мүмкіндігі зор тұлғаны қатты қадірлейді. Ол барлық ерік-жігерін салып, сол компанияның немесе мекеменің алға жылжуына күш салады. Яғни табысты арттырып, биік белестерге қол жеткізе алады. Мұны олар «тиімді адам» ретінде бағалайды. Ісіне тиықты, ешкімге артық салмағы жоқ, негізгісі – пайда түсіру жағынан басқалардан оқ бойы озып тұр.

ЖАҒАН ЖАҚСЫҒА ҚҰМАР

Өздеріңіз білетіндей, Tesla, Amazon сынды алпауыт компаниялардың иелері «тиімді адамды» бағалай алады. Сол арқылы табысын арттырып, оның бойындағы барлық дарынын өздеріне пайдаланады. Мұндайда көбіне ұйымдастырушылық қасиет басым болғаны абзал. Бір адамды жұмсап, оны өзіңнің дегеніңе жүргізу үшін де

мықты харизма мен күш-қуат керек. Сонымен бірге, сіз де жетістікке жетіп, олар үшін үлгі болуыңыз шарт. Міне, осы қарапайым ережелер орындалған жерде жұмыс алға баспақ.

Ойшыл һәм ақын Шәкәрім Құдайберді бабамыз «Адамның ең асылы – қиянатсыз, ақ пейіл адам» деп баға беріпті. Мейлі, жетістікке жетіңіз, бірақ осы аталған қасиеттер болмаса мұның бәрінің құны көк тиынға да татымайды. Түгел сөздің түп атасын топтап айтқанда шығарар қорытынды осыған саяды.

ТҮЙІН:

Тиімді адам – епті, ақылды, ең бастысы, көркем мінезді адам деп танимыз. Аталған критерийлерге назар аударып, ортаға тез бейімделіп, айналаға пайда әкелсеңіз, ұтқаныңыз демекпіз.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ,
журналист.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

